2. Құқық, құқықтық сауаттылық, құқықтық мәдениет - оқырмандар, тыңдармандар, көрермендер тарапынан жоғары сұранысқа ие, әрі тұрмыстық тұрғыда тартымды тақырып болғандықтан әрбір БАҚ құқық пен заңнама тақырыбына, қоғамды құқықтық сауаттандыру мәселесіне баса көңіл бөлуді, сол арқылы оқырман (көрермен, тыңдарман) құрамын көбейтуді мақсат тұтады.

3. Мерзімді басылымдарда қозғалатын құқықтық сауаттылық мәселелерінің басым бөлігін халықтың әлеуметтік жағдайына байланысты өзекті проблемалар құрап отыр.

4. Құқықтық сауаттылық бағдарындағы жарияланымдар мерзімді басылымдарда ақпараттық және талдамалы-сараптау жанрлары аясында жиі беріледі. Адам және заң, Құқықтық жауапкершілік, Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ, Қоғам және құқық, Маман пікірі, Заңгер кеңесі, Сұрақ-жауап, Сұраңыз – жауап береміз, Блиц-сауалнама, Сұхбат, Дөңгелек стол, Репортаж, Заңтану айдарларымен жарияланған материалдардың халықтың құқықтық сауаттылығын арттырудағы маңызы зор.

Дегенмен, жүргізіліп отырған бұл жұмысты жеткілікті дәрежеде деп айта алмаймыз. Отандық БАҚ өкілдері заңдық тұрғыдағы материалдарды дайындап, жариялаған кезде негізделген ақпараттық тұжырымдамаларды қолдана бермейді. Көпшілікке арналған басылымдарда құқық тақырыбындағы материалдар жеңіл тілмен беріліп жатса, салалық басылымдардағы жекелеген материалды түсіну үшін белгілі бір дәрежеде заңгерлік дайындық қажеттілігі ескеріле бермейді.

Біздің бүгінгі өмірімізді бұқаралық ақпарат құралдарынсыз елестету мүмкін емес. Сонымен қатар «құқықтық профилактиканы» бұқаралық ақпарат құралдарының ғана жүргізе алатындығын ескеру қажет [12, 20 б.]. Атап өтер болсақ, кез-келген құқықтық мемлекеттің азаматы өзінің міндеттері мен құқықтарын білуге тиіс. Азаматтар заң тұрғысынан алғанда сауатсыз болатын болса, өз ара қарым-қатынастарды, әр түрлі институттармен, әлеуметтік топтармен, тұтас алғанда мемлекетпен арада қатынастарды реттеуші ережелер туралы туралы түсінігі болмайды, заңдар да тиімсіз болып қала бермек. Халықтың құқықтық сауаттылығының мәні де осында болмақ.

Қорытынды. Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарын тек хабар тарату мен тәрбие құралы болудан өзге, «сөз бостандығы» деген желеумен, оны белгілі бір мүдде үшін қоғамдық санаға ықпал ететін күшті қару ретінде пайдаланатындар да бар. Соның нәтижесінде бұл салада жаңа ғылыми ұғымдар – «ақпараттық қылмыс», «ақпараттық криминология», «компьютерлік құқық» терминдері пайда болды. Мұның бәрі болашақ журналистке қойылып отырған талапты күшейте түспек. Яғни, ақпараттық қауіпсіздікке қол жеткізу үшін де, ақпараттық криминологияға ұрынбауы үшін, біріншіден, олардың өз-

дерінің құқықтық сауаттылығына айырықша мән берген дұрыс. Кез-келген журналист этиканың екі деңгейін: кәсіби және қызметтік этиканы сақтауға тиіс [13, 160 б.] Екіншіден, журналист «залал келтірмеу» қағидасын мықтап ұстануы шарт. Үшіншіден, Қазақстан Республикасында журналистің Этикалық кодексінде белгіленген 8 қағидатты (ҚР Журналистер одағы басқармасы мен Бас редакторлар клубының бірлескен отырысында қабылданған, 2012 жылы, 30 қазан, Хаттама №1) жадынан шығармауға тиіс. Түптеп келгенде, журналистің шығармашылық процесінің өзінде этикалық шектеулер болуға тиіс. [14, 286]

Журналистика факультеттерінде құқық саласында жазатын журналистердің шеберлік кластары ұдайы өткізіледі, Қазақстан сот репортерлері гильдиясының жұмысы, «Әділ сөз» қоғамдық қорының, т.б. жұмысы журналистердің құқықтық деңгейін арттыруға бағытталатыны анық. Алайда мұның бәрі болашақ журналистердің құқықтық сауаттылығын арттырудағы, құқықтық тақырыпты сауатты жазуға дағдыландырудағы олқылықтың орнын толтыра алмайды. Сондықтан, журналистика факультеттерінде оқытылатын БАҚ заңнамасына қатысты сабақты тереңдетіп оқыту керек деп санаймыз. Құқықтық жағы сауаттылығы жоғары студент - болашақ маман құқықтық тақырыптағы мәселені қозғағанда атүсті, бірізді жалаң ақпарлармен, шала жарияланымдармен шектелмейді және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын құқықтық материал сауатты заңгерлік тұжырыммен негізделіп, оқырман санасында заңға кереғар ұғым қалыптастыруға жол бермейтін болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Прохоров, Е.П. Введение в теорию журналистики /Е.П.Прохоров. Москва:Аспект пресс. 2009.-349с.
- 2 Рихтер, А.Г. Правовые основы интернет-журналистики/А.Г. Рихтер. Москва: ИКАР, 2014. – 488 с.
- 3 Назарбаев, Н. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасы. [Электронды ресурс] – URL: <http://www.inform.kz/> (қарастырылған мерзімі: 10.07.2012 ж.)
- 4 Журналистика/В.В. Ворошилов– Москва: Кнорус, 2014.– 496 с.
- 5 Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы. [Электронды ресурс] –URL: <http://adilet.zan.kz> (қарастырылған мерзімі: 12.11.2018 ж.)
- 6 Еркінбекова Қ Мен ақталдым, әділдік жеңді. - Алматы: Заң, 2018. 6 қараша.
- 7 Көбелдесова С. Жемқорлыққа жол бермейміз. - Алматы: Алматы ақшамы, 2018. 22 қараша.
- 8 Исхаков, Р.Л. Этническая журналистика: Учебно-методическое пособие. / Р.Л. Исхаков, – Москва: Издательство «Флинта». 2018. – 192 с.
- 9 Аймағамбет А. Сот пен сенім қашан егіз ұғымға айналады. - Алматы: Айқын, 2018, 19 қазан.
- 10 Самарцев, О.Р. Творческая деятельность журналиста (очерки теории и практики). – Москва: «Академический проект», Фонд «Мир», 2014. - 528 с.
- 11 Recommendations Addressed to the United Nations Educational Scientific and Cultural Organization UNESCO [Text] // Education for the Media and the Digital Age. - Vienna, 1999. -P. 273-274.
- 12 Велитченко, С.Н. Правовые основы журналистики. - Алматы: «Қазақ университеті», 2015. - 227 с.
- 13 Мисонжников, Б.Я., Тепляшина, А.Н. Журналистика: Введение в профессию. – Санкт-Петербург: ПИТЕР, 2014. – 272с.
- 14 Коханова, Л.А., Калмыков, А.А. Основы теории журналистики. – Москва: ЮНИТИ, 2014. - 536 с.

Ж.Д.Сейтжанова

Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан

Медиа-особенности публично-правовой грамотности

Аннотация. Средства массовой информации и правовая тематика одна из актуальных проблем современного информационного пространства. В период, когда благодаря интернету и социальным сетям обществу стала доступна «всякая информация», это проблема становится еще актуальней. Отражение правовой тематики в традиционных СМИ, издания, пишущие на эту тему, жанр, стиль, язык, подача публикаций - таков перечень вопросов затронутых в статье.

Если учесть, что численность нашей страны составляет чуть больше 18,3 млн. человек, и из них порядка 4,5 части граждан для решения своих проблем обращаются в последнюю инстанцию – судебные органы, это конечно показывает, что повышение правовой грамотности населения все еще не на должном уровне. Общество же информацию по правовой грамотности получает в основном через СМИ. То есть важность подготовки будущих журналистов, специализирующихся в это отрасли очевидна. На наш взгляд, необходимо углубить и совершенствовать обучение предмета «Правовые основы журналистики», преподаваемого на факультетах журналистики страны.

Ключевые слова: правовая грамотность, правовая тематика, информационное пространство, правовые основы, правовая культура.

Zh.D. Seytzhanova

International University of Information Technology, Almaty, Kazakhstan

Media Features of Public law Literacy

Abstract. Mass media and legal topics are one of the urgent problems in the modern information space. This problem becomes even more urgent nowadays, when thanks to the Internet and social networks “any information” became available to anybody.

The article describes a set of issues such as reflection of legal topics in traditional media, the publications writing on this topic, genre, style, language, presentation of publications. If we take into account that the population of our country is just over 18.3 million people, and of these about 4.5 citizens turn to the last instance, i.e. court, for solving their problems, this of course shows that the increase in the legal literacy of the population is not at the proper level. Society also receives information on legal literacy mainly through the media. That is, the importance of training future journalists specializing in sphere legislature is obvious. In our opinion, it is necessary to deepen the course of “Legal Basics of Journalism” taught in the faculties of journalism in the country.

Key words: Legal basis, legal literacy, legal subjects, information space, legal culture.

References

- 1 Prokhorov, E.P. Vvedenie v teoriyu zhurnalistiki [Introduction to the theory of journalism]. (Aspect press, Moscow, 2009, 349 p.). [in Russian]
- 2 Richter, A.G. Pravovye osnovy internet-jurnalistiki [Legal foundations of online journalism]. (IKAR, Moscow, 2014. 488 p.). [in Russian]
- 3 Nazarbayev, N. Kazakstannyn aleumettik zhangyrtyluy: Zhalpyga Ortak Enbek Kogamyna karai 20 kadam [The program «Social modernization of Kazakhstan: 20 steps to Society of Universal Labor»]. [Electronic resource] Available at: <http://www.inform.kz/> (Accessed: July 10, 2012) [in Russian]
- 4 Voroshilov, V.V. Jurnalistika [Journalism]. (Knorus, Moscow, 2014. 496 p.). [in Russian]

- 5 Bukaralyk akparat kuraldary turaly RK [Law of the Republic of Kazakhstan on Mass Media of July 23, 1999]. [Electronic resource] Available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed: 12.11.2018) [in Kazakh]
- 6 Erkinbekova, K. Men aktaldym, adildik jendi [I am justified, justice have won]. (Law, Almaty, 2018, October 6). [in Kazakh]
- 7 Kobeldesova, S. Zhemkorlykka jol bermeimiz [We will not give the way to corruption]. (Almaty Akshamy, Almaty, 2018, November 22). [in Kazakh]
- 8 Iskhakov, R.L. Etnicheskaya jurnalistika: Uchebno-metodicheskoye posobiye [Ethnic journalism: Teaching guide]. («Flint» publishing house, Moscow, 2018. 192 p.). [in Russian]
- 9 Aimagambet, A. Sot pen senim kashan egiz uymga ainalady. [When court and trust will have one meaning]. (Aikyn, Almaty, 2018, October, 19.). [in Kazakh]
- 10 Samartsev, O.R. Tvorcheskaya deyatel'nost' jurnalista: ocherki teorii I praktiki [Creative activities of a journalist: essays of theory and practice]. («World» Foundation, Moscow, 2014, 528 p.). [in Russian]
- 11 Recommendations Addressed to the United Nations Educational Scientific and Cultural Organization UNESCO [Text], Education for the Media and the Digital Age. Vienna, 1999. P. 273-274. [in Russian]
- 12 Velitchenko, S.N. Pravoviye osnovy jurnalistiki [Legal basis of journalism]. («Kazakh University», Almaty, 2015. 227 p.). [in Russian]
- 13 Miszonzhnikov, B.Y., Teplyashina, A.N. Zhurnalistika: Vvedeniye v professiyu [Journalism: Introduction to the Profession]. (PETER, St. Petersburg, 2014, 272 p.). [in Russian]
- 14 Kokhanova, L.A., Kalmykov, A.A. Osnovy teorii jurnalistiki [Fundamentals of the theory of journalism]. (UNITY, Moscow, 2014. 536 p.). [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Сейтжанова Ж.Д. – Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Қазақстан тарихы және медиакоммуникациялар кафедрасының ассистент-профессоры, филол.ғ.к., Манас көшесі 34/1, Алматы, Қазақстан.

Seytzhanova Zh.D. - Assistant Professor, Department of History of Kazakhstan and Media Relations, International Information Technologies University, Ph.D., Manas Str. 34/1, Almaty, Kazakhstan.

FTAMP 19.01.29

Ғ.Қ. Тәжібаев¹, Ә.Т. Білдебекова²

¹Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: ¹galimcan@mail.ru, ²aliya_b@list.ru)

Телеберілімдерге жас шамасына қарай қойылатын критерийлер

Аңдатпа. Бұл ғылыми жұмыста теледидарда қолданылып жүрген фильм индекстері Америка және Қазақстан жүйелерінде қарастырылған. Фильм индекстерін қолданысқа енгізген заңдық нормалар қарастырылып, жас шектеу жүйесінің қаншалықты тиімді қолданылғандығы зерттеледі. Фильм индекстерін алғашқы болып қолданған Америка жүйесімен салыстырыла отырып отандық жүйенің тиімділігі зерттеледі.

Теледидардың адамға берер пайдасы мен зияны сарапшылар тарапынан талқыланып, әлі күнге дейін бір пікірге келе алмауда. Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін «еркіндік осы екен деп» барлық салаларда болған сияқты бұқаралық ақпарат құралдарында да сүзгісіз қоғамға жол тартқан қаншама теле-туынды жарық көрді.

Түйін сөздер: теледидар, фильм индекстері, жас шектеу

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2018-125-4-51-60>

Телеөнімдердің жас шектеу критерийлерін алғашқы болып қолданған Америка Құрама Штаттары. Кейінірек, Канада Мексика, Австралия, Жаңа Зеландия, Англия, Ирландия, Польша, Нидерландия, Оңтүстік Африка, Түркия және Ресей мемлекеттерінде осыған ұқсас индекс критерийлерін пайдалана бастады. Бұл ғылыми жұмыста, фильм индекстерін алғашқы қолданысқа енгізген АҚШ-тың жас шектеу критерийлері қарастырып, Қазақстанда қолданыстағы жүйемен салыстырылады.

Теледидар мен кинотеатрда көрсетіліп келген фильмдердің көрерменге әртүрлі жағымсыз әсерлерінің пайда болу, әсіресе атыс-шабыс пен зорлық-зомбылық кадрларының көрермендерді зорлық-зомбылыққа итермелейтіндігі туралы ғылыми зерттеулер мен шынайы болған оқиғалар өте көп. Осы зерттеулер мен ата-аналардың шағымдарына қарамастан телевизия индустриясы зорлық-зомбылықты бейнелейтін фильмдерді көгілдір экраннан ұсынуды жалғастырып келді. Зорлық-зомбылықтың қолданыс тәсілі жаһандық ортақ тіл екендігі, көрерменге түсінікті, өзіне назар аударта отырып іс жүзіне асыруға итермелейтіндігі ғылыми зерттеулермен дәлелденген. Осы мәселеге қатысты ата-аналар мен әлеуметтік ұйымдар тарапынан түскен шағымдарды қанағаттардыру мақсатында Америкадағы Федерал Байланыс Кеңесі (Federal Communications Commission (FCC) телевизия индустриясына қоғамдық даудың түйінін шешетін бір жүйе ойлап табуын ескертіп, болмаған жағдайда өз күзіреттерін пайдаланатындығын ескертеді.[1]

Қоғамдық пікір тартысқа түскен бұл жағдай қарсысында, табыс табу мақсатында қызмет атқаратын телевизия индустриясы қалыптасқан жүйені өзгертусіз қалдыра отырып, бағдарламалардың мазмұнынан хабардар беретін жүйе ойлап тауып, барлық жауапкершілікті көрермендер мен ата-аналарға ысыра салды. Бұл жаңа жүйеге сыныптастыру немесе рейтинг жүйесі (the rating system) атауы берілген. [1].

Фильм индексін алғашқы болып 1996 жылы қолданысқа енгізген Америка, көрермендердің жас шектеуі мен фильмдерің мазмұны жағынан да жіктеп, әр қайсысына жеке фильм индекстері берілген. Фильм индекстері теледидар экранынан көрерменге бағытталған жаңалықтар мен спорттық бағдарламалардың тыс барлық фильмдер мен бағдарламаларды қамтиды. (Қазақстанда тек қана фильмдер мен теле-сериалдарды ғана қамтыған.)

Америка конституциясында «First Amendment» (Конституциясының бірінші өзгертілімі) [2] сүйене отырып баспасөз және сөз бостандығын шектейтін құқықтық нормалар қабылданбайтындығы ашық әрі нақты көрсетілген. Медиа холдингтердің телеөнімдерді өндіруде көрерменнің таңдау құқығына сүйене отырып, қоғамның барлық топтарына арнап әр түрлі телеөнімдер өндірілуі заңдылық. Заңдық нормаларды орындай отырып жауапкершіліктен тайдырудың негізгі жолы ретінде фильм индекстерін ойлап шығарды. Барлық бағдарламалар басталар алдында телеөнімдердің мазмұны мен жас шектеулері туралы ескертпе беріле отырып, жауапкершілікті көрерменнің өзіне жүктеген. Жасөспірімдер жақсы мен жаманды ажырата алмайтындықтан ата-аналарына ескерту арқылы балаларды қорғау керектігін айтады. Көгілдір экранды басқарушылар, қоғамның таңдау және көру еркіндігін шектеуге болмайтындығын айта келе, барлық бақылауды ата-аналар мен ерекестерге жауапкершілік жүктей келе заңдық тұрғыдан ережелер мен талаптарды орындайды.

1996 жылдың соңында АҚШ Федерал байланыс Кеңесі (Federal Communications Commission (FCC) барлық теледидар өндірушілерге V-Chip (Violence Chip: Зорлық-зомбылық чипі) орнату міндетін жүктеді. Зауыттан шыққан теледидармен оның қорабында да V-Chip орнатылғандығы туралы мәлімет айқын көрініп тұру керек. Бұл құрылғының мақсаты жас шектеуіне және бағдарламалардың мазмұнына қарай бұғаттауға мүмкіндік береді. Жасөспірімдерге теріс әсер ететін бағдарламалар мен фильмдерді теледидардың баптауларынан бұғаттау арқылы шектей аласыз және бұл бұғаттау баптауына құпия сөз қою арқылы балалардың қолжетімділігінен сақтайды. V-Chip құрылғысы жоқ теледидарларға қосымша құрылғы орнату мүмкіндіктері де қарастырылған. [3]

Құрама штаттарда жаңа сыныптастыру немесе рейтинг жүйесінде (the rating system) жас шектеуі бар бағдарламалар саны 6-ға, ал телеөнімдердің мазмұны жағынан 4-ке бөлінген. «TV-Y» - Барлық балалар, «TV-Y7» - 7 жастан жоғары балалар, «TV-G» - Әртүрлі көрерменге арналған, «TV-PG» - Ата-аналарымен бірге көруге ұсынылған, «TV-14» - Ата-аналар өте мұқият болуға шақырады, «TV-MA» - Тек қана ересектерге бағытталған индекстермен бекітілген. Еркіндік пен таңдау құқығының дамыған мемлекет ретінде Америка телеөнімдердің жас шектеуін 16 жасқа дейін белгілеген [4].

Фильмдер мен бағдарламалардың мазмұны жағынан 4 индекс белгіленген. (V) - Зорлық – зомбылық, (S)- Жыныстық қатынас, (L)- Дәрекі жаргон, балағат сөздер, (D)- Әдепсіз – ұятсыз диалогтар.

Бағдарламаларда жаргон, балағат сөздер және нормативтен тыс лексика қолданылуы да өзекті мәселелердің бірі. Америка тарихында жаргон мен балағат сөздерді әуе толқынында жиі қолданған радионың лицензиясынан айрылып жұмысын тоқтатқан болса, қазіргі кезде мұндай қатаң шара қолданылмайды. [5]

Балаларға арналған бағдарламалар таңертеңгі сағат 07:00 мен 10:00 арасында ең аз 30 минуттық болу керектігі ережеде бекітілген. Федерал Байланыс Кеңесі эротикалық сипаттағы фильмдерді кешкі сағат 10:00 мен 06:00 арасында көрсете алады. Белгіленген ережеге бағынбай порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы көріністері бар фильмдер берілсе, осыған байланысты көрермен тарапынан Федерал Байланыс Кеңесіне шағымданған жағдайда мұны дәлел ретінде қолданып мекемеге шара қолданылады. [5]

Фильм индекстері әр бағдарлама басталғанда экранның жоғарғы сол бұрышына орналастырылады. Егер бағдарлама бір сағаттан ұзақ болатын болса, екінші сағаттың басында қайта экранда пайда болады. Жүйенің ең жақсы тұсы теледидарда каналдар арасында қыдырып жүргенде яғни каналдан каналға ауыстырылғанда болып жатқан бағдарламаның қандай фильм индекске жататындығы экранның бұрышында көрсетілуі. Бұл ерекшелік көрерменнің бағдарламаны ортасынан бастап көргенде немесе теледидарды қосқанда қандай индексті бағдарлама болып жатқандығы турады мәлімет береді.

Фильм индекстері әр бағдарламаның алғашқы 15 секундына көгілдір экранның жоғарғы бұрышында қолданылады. Бұған қосымша ретінде аталған теледидер бағдарламаларын баспасөз беттерінде жарияланған жағдайда да фильм индекстері қойылу керек. Фильм индекстері хабарлар мен спорттық бағдарламаларда және кабелді каналдарда көрсетілетін фильмдерден басқа барлық бағдарламаларда қолданылады.

XX ғасырдың адамзат игілігіне ұсынған ұлы жаңалығы, адам баласының ой-сана-сына, көзқарасына тікелей әсер ететін идеологиялық құрал, рухани нәр мен эстетикалық әсер беретін өнердің өзгеше бір түрі, өркениетті әлемдегі саясат алаңы, әр үйдің төрінде орналасқан теледидар екені белгілі.

Теледидардың адамға берер пайдасы мен зияны сарапшылар тарапынан талқыланып, әлі күнге дейін бір пікірге келе алмауда. Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін «еркіндік осы екен деп» барлық салаларда болған сияқты бұқаралық ақпарат құралдарында да сүзгісіз қоғамға жол тартқан қаншама теле-туынды жарық көрді. Олардың ішінде шетелдің арзанқол бағдарламалары мен фильмдері де көрерменнің жас ерекшелігіне қарамастан эфирден ұсынылып жатты. Бос кеңістікті толтыру мақсатында ұлт, дін, діл, саясат, идеология және мемлекеттік құрылымға сай келмейтін отандық және шеледік теле өнімдер шектеусіз көгілдір экраннан көрсетілді. Тез арада заңдық тұрғыда ретке келтіру мақсатында, мақсат пен міндеттері бір болғанымен техникалық және таралымы жағынан өте үлкен айырмашылығына қарамастан барлық бұқаралық ақпарат құралдарын бір заңға бағындыру саясаты жүргізілді.

23 шілде 1999 жылы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңы» қолданысқа еңгізілді. Қазақстан Республикасының аумағында қызмет атқаратын отандық және шетелдік БАҚ-дары осы заң аясында қызметтерін жүргізуге міндеттелді. Заңның жалпы ережелер делінген 1 тарауында бұқаралық ақпарат құралы – «мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысандары» деп көрсетілген. Аталған заңда жас ерекшеліктеріне қатысты «бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын өнімдер» туралы 14-ші баптың 2-ші тармақшасында «Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдар білім беру ұйымдарының, балалар мекемелерінің, ғибадат үйлерінің (ғимараттарының) үй-жайларында және аумақтарында, жасы он сегізге толмаған адамдарға бөлшек саудада сатуға тыйым салынады» [6] деп жазылған. Жалпы заң мәтінінде жас ерекшеліктеріне қатысты «кәмелет» сөзі 11 рет, «бала» сөзі 4 рет және «жас» сөзі 4 рет кездеседі. 23 шілде 1999 жылы қолданысқа еңгізілген заң 02.07.2018 күнгі соңғы өзгертуді қоса алғанда жалпы 27 рет өзгертулермен толықтырулар еңгізілген. Бұл өзгерістер жалғыз Бұқаралық ақпарат Құралдары заңына ғана тән нәрсе емес.

Тәуелсіздігіміздің құнды құжаты 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында бірнеше өзгерістер мен толықтырулар еңгізілген. Атап айтар болсақ 1998.10.07 №284 заңымен, 2007.05.21 № 254 заңымен, 2011.02.02 № 403-IV заңымен, 10.03.2017 № 51-VI заңымен 22 баптардың тармақтары өзгерістер мен толықтыру еңгізілген. Ал 14 баптың тармақтары (Президент III-бөлімінің 41,42,43,43,45 баптары, Парламент IV-бөлімінің 52, 53, 55 баптары, Үкімет V бөлімінің 66, 67 баптары, Конституциялық кеңес VI-бөлімінің 73 бабы, Соттар және сот төрелігі VII-бөлімінің 84 бабы) тармақтары мүлдем алынып тасталған. Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесі конституциясының баптары мен тармақтарына 46 рет ресми түсіндіру жұмыстарын жүргізген [7]. Мақаламыздың өзегі болған жас ерекшеліктеріне қарай теле өнімдерді реттейтін заңнамалық құжат 15 желтоқсан 2006 жылы «Мәдениет туралы» заң қабылданды. Бұл заң 24 желтоқсан 1996 жылы қабылданған «Мәдениет

туралы» заңның (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж. № 22, 406-құжат) күші жойылды. Екі заңның атауы бірдей болғаны мен қабылданған соңғы заң 8- тараудан және 40 баптан тұрады[8].

Жас ерекшелігіне қарай көрермендердің теле өнімдерін таңдау құқығы «Мәдениет туралы» заңменен реттелді. Жалпы 40 баптан тұратын бұл заңның 28-3-бабында фильмдердің индекстері атауымен қарастырылған. Барлық заңдарда міндетті түрде «Жалпы ережелер» бөлімінде осы заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар туралы түсінік беріледі. Ал, мәдениет туралы заңның жалпы ережелер бөлімінде фильм индексі, фильм түрлері, жас ерекшелігіне қарай фильм түрлері деген сияқты түсіндірмелерді көре алмадық.

Заңның 7-бабы «Уәкілетті органның құзыреті» атауының 35-ші тармақшасында «фильмнің индексін айқындау критерийлерін әзірлейді және бекітеді» деп көрсетілген. Ал негізгі критерийлер 28-3-бабында «Фильмдердің индекстері» атауымен көпшілікке демонстрациялау мақсатымен әкелінетін (жеткізілетін) фильмдер көрермендердің жас шегіне қарай индекстелетіндігі қысқаша 6 категорияда қарастырылған.

Фильмдердің мынадай индекстері белгіленеді[9]:

- 1) «К» - әртүрлі жастағы көрермендерге арналған фильмдер;
- 2) «БА» - он екі жасқа толған балаларға көрсетуге рұқсат берілген фильмдер;
- 3) «Б14» - он төрт жасқа дейінгі балаларға ата-аналарымен бірге көруге ұсынылатын фильмдер;
- 4) «Е16» - он алты жасқа дейінгі көрермендерге ата-аналарымен бірге көруге ұсынылатын фильмдер;
- 5) «Е18» - он сегіз жастан асқан көрермендерге арналған фильмдер;
- 6) «НА» - жиырма бір жасқа толған көрермендерге ғана арналған фильмдер.

Бұл 6 категорияның ішінен «Е18» мен «НА» индекстерін көрсетілім сағаттарына шектеу қойылып, «Телеарналарда (шетелдік телеарналарды қоспағанда) «Е18» индексті фильмді - жергілікті уақытпен сағат 22-ден кейін таңғы сағат 06-ға дейін, «НА» индексті фильмді жергілікті уақытпен сағат нөлден таңғы сағат 06-ға дейін көрсетуге жол беріледі» деп қарастырған.

Теледидардан көрсетілетін фильмдердің қай индекс категориясына жататындығы көрсетілім басталмас бұрын 3 секундтан кем емес уақытта міндетті түрде көрерменді фильмнің индексі туралы хабардар етуге міндеттелген.

Заңның жалпы ережелер бөлімінде фильм туралы мынандай түсініктеме берілген: «фильм - шығармашылық ниеттің негізінде кез келген нысанда және әртүрлі жанрда жасалған, кино-таспаға, магниттік таспаға немесе жеткізгіштердің өзге де түрлеріне жазылған және өзара реттілікпен байланысқан кадрларды біртұтас тақырыпқа біріктірген бейнеден, дыбыстық сүйемелдеуден тұратын және тиісті техникалық құралдардың көмегімен естіп-көруге арналған дыбыстау-бейнелеу туындысы» деп көрсетілген.

Осы баптың (28-5-бап) 5 тармақшасында фильмдердің түрлері туралы яғни анимациялық фильмдер, деректі фильмдер, ойын фильмдер, хроникалы фильмдер, бейнелеуді көрсету тәсілдері бойынша фильмдер, кинофильмдер, телевизиялық фильмдер және бейнефильмдер қамтылатындығы жазылған.

«Мәдениет туралы» Заңының 7-бабы 35-тармағын жүзеге асыру мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігінің №7 бұйрығымен (2012 жылғы 12 наурыз) [8] «фильм индексін анықтаудың критерийлері» бекітілді.

Бұл фильм индексін белгілеу критерийлері Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына прокаттау және көпшілікке көрсету (демонстрациялау) үшін әкелінген (жеткізілген) фильмдерді көрермендердің жас шегіне қарай топтастыру мақсатында фильмдердің мазмұнына талаптар белгілейді. Кри-

терийлерді айқындау мақсаты балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына, сезімі мен рухани дамуына зиян келтіретін дыбысты-бейнелі шығармалардан оларды қорғау үшін, сонымен ересек аудиторияға фильмді көруде таңдау еркіндігін ұсыну екендігі көрсетілген.

Мәдениет туралы заңның 28 бабында қысқаша берілген 6 критерийлердің мазмұны министрліктің №7 бұйрығында «фильм индексін анықтаудың критерийлері» толық ашылып және көпшілік назарына ұсынылған фильмдердің басталар алдында міндетті түрде 3 секундтық уақыт мөлшерінде толық экранда жас шектеуіне қарай ескертпелер берілу арқылы таңдау құқығы мен көрермен жасын анықтайды.

Көпшілік назарына ұсынылатын фильмдердің алдында экранда ұсынылатын ескертпелердің мазмұны төмендегідей белгіленген [9].

1) «К» - әртүрлі жастағы көрермендерге арналған фильмдер;

Фильмдер жалаңаш көріністерімен, зорлық-зомбылық пен қатыгездік, сексуалдық көріністерімен, есірткі құралдары мен психотропты заттарды қабылдау көріністерімен, қайғылы оқиғалар, апаттар, өзіне өзі қол жұмсау, өлтіру, ауыр сырқаттар, ішімдікке және есірткіге тәуелділік, неке бұзу, нәсілшілдік, діни мәселелері, әлеуметтік жат мінез-құлық көріністерімен мазмұндалмаған;

фильмдерде жаргондар, балағат сөздер және нормативтен тыс лексика пайдаланылмайды;


















2) «БА» - он екі жасқа толған балаларға көрсетуге рұқсат берілген фильмдер: Фильмдер сексуалдық көріністерімен, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қабылдау көріністерімен, өзіне өзі қол жұмсау, өлтіру, ауыр сырқаттар, ішімдікке және есірткіге тәуелділік, неке бұзу, нәсілшілдік, діни мәселелері, әлеуметтік жат мінез-құлық көріністерімен мазмұндалмаған; фильмдер қантөгісті көрсетпейтін зорлық-зомбылық көріністерімен, қайғылы оқиғаның немесе апаттың қысқаша бейнесімен, жекелеген жалаңаш көріністерімен мазмұндалған; фильмдерде балағатсыз және нормативтен тыс лексикасыз белгілі жаргон сөздер пайдаланылады;

3) «Б14» - он төрт жасқа дейінгі балаларға ата-аналарымен бірге көруге ұсынылатын фильмдер: Фильмдер сексуалдық көріністерімен мазмұндалмаған; фильмдер өзіне өзі қол жұмсау, өлтіру, отбасылық өмір мен неке бұзу мәселелері, есірткіге және ішімдікке тәуелділік, сырқаттар, нәсілшілдік, діни мәселелері, әлеуметтік жат мінез-құлық көріністерін, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қолданудың қысқаша көріністерін, зорлық-зомбылық пен қатыгездік элементтері (төбелес, қару қолдану), жалаңаш көріністерімен мазмұндалған; фильмдерде дөрекі жаргон, балағат сөздері пайдаланылады.

4) «Е16» - он алты жасқа дейінгі көрермендерге ата-аналарымен бірге көруге ұсынылатын фильмдер: Фильмдер өзіне өзі, өлтіру, отбасылық өмір мен неке бұзу мәселелері, есірткіге және ішімдікке тәуелділік, сырқаттар, нәсілшілдік, діни мәселелері, әлеуметтік жат мінез-құлық, жалаңаш, зорлық-зомбылық көріністерін, егер ол егжей-тегжейлі және аса қатыгездікпен берілмесе, есірткі қабылдау және олардың салдарының, бірақ осы құбылысты ақтау тұрғысынан емес көріністерімен мазмұндалған; фильмдерде гетеросексуалды жұптардың сексуалды өзара қарым-қатынастары жалпыға ортақ тәртіп нормалары шегінен шықпаған жағдайда, болжанады және имитацияланады; фильмдерде дөрекі жаргон, балағат, нормативтік емес лексика сөздері пайдаланылады;

5) «Е18» - он сегіз жастан асқан көрермендерге арналған фильмдер:

Фильмдер өзіне өзі қол жұмсау, өлтіру, отбасылық өмір мен неке бұзу мәселелерінің, есірткіге және ішімдікке тәуелділік, сырқаттар, нәсілшілдік, діни мәселелерінің, әлеуметтік жат мінез-құлық, жалаңаш көріністерімен, кино туындысының сюжеті және көркемдік мақсатымен ақталған жағдайда жыныстық қатынас немесе өзге де эротикалық әрекеттер, сексуалдық зорлық немесе күштеу көріністерімен, зорлық-зомбылық көріністерімен, есірткіге салыну және оның салдарларын қиянат ету көріністерімен мазмұндалған; фильм кейіпкерлерінің сөйлеген сөздері шектелмеген;

АМЕРИКА			НИДЕРЛАНД			ТҮРКИЯ			ҚАЗАҚСТАН		
Ин-декс	Түсіні-гі	Кате-гория	Ин-декс	Түсіні-гі	Кате-гория	Ин-декс	Түсіні-гі	Кате-гория	Ин-декс	Түсіні-гі	Кате-гория
TV-Y	Барлық бала-ларға ар-налған	Жас шек-теуі		Өртүрлі көрер-менге ар-налған	Жас шек-теуі		Өртүрлі көрер-менге ар-налған	Жас шек-теуі	«К»	Өртүрлі көрер-менге ар-налған	Жас шек-теуі
TV-Y7	7 жас-тан жоға-ры бала-лар	Жас шек-теуі		6 жас және жоға-ры	Жас шек-теуі		7 жас және жоға-ры	Жас шек-теуі	«БА»	12 жас-қа толған балаға көруге рұқсат	Жас шек-теуі
TV-G	Өртүр-лі жас көрер-меніне ар-налған	Жас шек-теуі		12 жас және жоға-ры	Жас шек-теуі		13 жас және жоға-ры	Жас шек-теуі	«14»	14 жас дейінгі бала-ларға ата-ана бірге	Жас шек-теуі
TV-PG	Өртүр-лі жас көрер-меніне ар-налған	Жас шек-теуі		16 жас және жоға-ры	Жас шек-теуі		18 жас және жоға-ры	Жас шек-теуі	«16»	16 жас дейінгі бала-ларға ата-ана бірге	Жас шек-теуі
TV-14	Ата-анаға мұқият болуға шақы-рады			Зор-лық - зом-былық	Бағдар лама мазмұ-нына сай		Зорлық -зом-былық және қорқы ныш	Зор-лық - зом-былық	«18»	18 -ден асқан көрер-менге ар-налған	Жас шек-теуі
TV-MA	Тек ере-сек-терге бағыт-талған	Жас шек-теуі		Қорқы нышы	Бағдар лама мазмұ-нына сай		Жы-ныс қаты-насы	Бағдар лама мазмұ-нына сай	«НА»	21 -ге толған көрер-менге ар-налған	Жас шек-теуі
(V)	Зор-лық - зом-былық	Бағдар лама мазмұ-ны		Жы-ныс қаты-насы	Бағдар лама мазмұ-ны		Жат мінез құлық көру	Бағдар лама мазмұ-ны			
(S)	Жы-ныс қаты-насы	Бағдар лама мазмұ-ны		Нәсіл-шілік	Бағдар лама мазмұ-ны						
(L)	Дөрекі жаргон, балағат сөздер	Бағдар лама мазмұ-ны		ішім-дік пен есірткі тәуел-дігі	Бағдар лама мазмұ-ны						
(D)	Әдеп-сіз, ұятсыз диалог	Бағдар лама мазмұ-ны		Дөрекі ба-лағат сөздер	Бағдар лама мазмұ-ны						

б) «НА» - жиырма бір жасқа толған көрермендерге ғана арналған фильмдер: Фильмдер Республиканың конституциялық құрылымын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне зиянкестік жасау, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік және рулық үстемдікті, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты үгіттеу немесе насихаттау көріністерімен, сонымен қатар порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы көріністерінен өзге кез келген көріністермен мазмұндалған; фильм кейіпкерлерінің сөйлеген сөздеріне шектеу жоқ.

«НА» индексті фильмнің жариялы көрсетіліміне (демонстрациясына) жергілікті уақытпен сағат 22-ден кейін таңғы сағат 06-ға дейін осы мақсаттарға арналған кинозалдар мен орындарда жол беріледі.

Телеарналар бойынша (шетелдік телеарналарды қоспағанда) «Е18» индексті фильмді - жергілікті уақытпен сағат 22-ден кейін таңғы сағат 06-ға дейін, «НА» индексті фильмді жергілікті уақытпен сағат нөлден таңғы сағат 06-ға дейін көрсетуге жол беріледі.

Әр фильмнің индексі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетімен беріледі және фильмге прокаттау куәлігінде белгіленеді.

Шектеусіз еркіндіктің болмайтыны сияқты бұқаралық ақпарат құралдары саласы да сөзсіз заңмен реттелуі керек. Қоғамның пікірімен санасатын және сөз бостандығы дамыған мемлекеттерде де журналистер өз қызметтерін заң аясында атқырып жүр. Батыс елдерінде ақпарат құралдарының функцияларына қарай мерзімді және үздіксіз баспасөз саласына, радио және телевизия саласына және ғаламтор арқылы қызмет атқаратын ақпарат құралдарына әрқайсысына жеке жеке заң шығарылып қоғамға деген ықпалына қарай реттелген. Заң шеңберін бұзған жағдайда салынатын айыппұл мен жауапкершілігі де жеңіл емес.

Қорытынды. Қазіргі таңда теле өнімдердің де сан алуандығы тұтынушыларға ұсынылған өнімдерді таңдау еркіндігі кең және таңдауға құқылы. Алайда көрермендердің барлығы саналы түрде ұсынылған өнімдерді өз пайдасына асыра алмайды. Жас өспірімдерге ұсынылған бейнелер оны «бала болу» міндетінен айырмаса, онда теледидардан еш қауіп жоқ»[10] деген екен ағылшын психосарапшысы Дональд Винникотт. Бұдан шығар қорытынды, мәселе — баланың экраннан не көретінінде емес, сол көрген нәрсесін ол қалай қабылдайтындығында. Демек, жасөспірімнің көгілдір экраннан көрген бейнелерін дұрыс қабылдауын қадағалауыңыз шарт. Балаңыз әзірге теле кейіпкерлердің қимылын ғана қызықтайтын жаста. Кейіпкерге еліктеу әдетте балаларда төрт жастан басталады.

Дональд Винникотттың зерттеулерінше, бала теледидарды қарамай - ақ, маңында ойнап жүрген күннің өзінде назар аудару, принциптік ойды жұмылдыру қабілеті нашарлап, оның миында кереғар реакция жүреді. Тіпті теледидар басқа бөлмеде қосулы тұрса да бала оны естиді, сөйтіп ойнап жүрген, кітап оқып, үй жұмысын жасап отырған баланың миы тұрақты режимде керексіз ақпараттарды қабылдап, оны алаңдатады.

Фильм индекс критерийлері жоғарыда аталғандай Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына прокаттау және көпшілікке көрсету (демонстрациялау) үшін әкелінген (жеткізілген) фильмдерді көрермендердің жас шегіне қарай топтастыру мақсатында фильмдердің мазмұнына талаптар белгілейді.

Критерийлерді айқындау мақсаты балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына, сезімі мен рухани дамуына зиян келтіретін дыбысты-бейнелі шығармалардан оларды қорғау үшін, сонымен қатар ересек аудиторияға фильмді көруде таңдау еркіндігін ұсыну екендігі көрсетілген.

Жалпы фильм индекстері «К», «БА», «Б14», «Е16», «Е18», «НА» таңбалық алты топқа бөлінген. Бұл категориялардың барлығы жас шектеуіне қатысты белгіленген. Көгілдір экранда көрсетілген отандық немесе шетелдік фильмдерді ғана қамтыған. Фильмдердің жас шектеуі көрермендердің таңдау еркін толық қанағаттандырады деп айтуға мүлдем келмейді. Өйткені фильмдердің идеологиялық құдіреті бар екені баршаға мәлім.

Отандық телеарналарда фильм индекстері қолданылатын бағдарламалар арасында шетелдік және отандық фильмдер мен сериалдарға ғана қолданылып келеді. Америкада жаңалықтар мен спорттық шаралардан басқа барлық фильмдер мен бағдарламаларда міндетті түрде қолданылады. Индекстердің жас шектеуімен ғана шектелген. Бұл жүйе жастарды ғана қамтып тұрғаны ма? «НА» индексі 21 жасқа толғандарға деген шектеу қойылған. Алайда кәмілетке толған азаматқа көруге болмайтындығын ескерту қаншалықты оң нәтиже берелі. Фильм индекстерін Америка, Нидерланд, Түркия сияқты елдер жас шектеуімен қоса бағдарламалардың мазмұны жағынан ескертпелер қолданылған. Атап айтсақ, жыныстық қатынас, қорқынышты бағдарламалар, нәсілшілдік, ішімдікке және есірткіге тәуелділік, дөрекі жаргон, балағат сөздер, жат мінез-құлық көріністері сияқты индекстерді қолдануда. Жас шектеу мен қоса мазмұна жағынан белгіленген бағдарламалар басталар алдында бір немесе екі индекс экранда бірден қолданылады.

Оскар сыйлығын алған фильм болуы мүмкін, алайда ол көрерменге үрей туғызатын немесе сексуалдық көріністер, зорлық зомбылық, бейәдеп жаргондар жие қолданылғандықтан теледидар форматына сай келмегендіктен көрсетілмейді немесе монтажданып көрерменге ұсынылады. Қорқыныш пен үрейге толы фильмдер кейбір ересектерді де психологиялық тұрғыдан әсер ететіні белгілі. Қорқынышты фильмдерді көріп түнде ұйқысы қашып, шошып, мазасызданатындар да болады. Сол себепті жас шектеулері мен қоса бағдарламалардың мазмұны жағынан да индекстерді қабылдау керек. Ішімдік пен нашақорлықтың алдын алу мақсатында жасалып жатқан қыруар еңбектер бар. Күнде көгілдір экраннан ішімдікке және есірткіге тәуелділік, дөрекі жаргон, балағат сөздер, жат мінез-құлық көріністері берілімдер мазмұны жағынан ескертусіз, хабарлаусыз берілсе қоғамдық тәрбиеге кері әсері мол. Қалданған 6 индекстің өзін әр канал өз форматында қолданып жүр. Мемлекеттік каналдар фильм бастарал алдында 3 сикунттай уақытта толық экранда индекстік логосы мен мәтіні көрсетіліп әрі дауыстап айтылады. Кейбір жекеменшік телеарналар фильм индексіні беріп, артынша жарнама роликтерін қосып жібереді. Жарнамалар 10-15 минут көрсетілгеннен кейін фильм басталады. Қай индексте екенін көрермен ұмытып қалады. Шетел азаматтанының немесе мекемелердің үлесі бар каналдар мүлдем басқа яғни Ресейдің фильм индекс критерилерін қолданады. Фильмдер басталғанда толық экранда емес бір бұрышында белгілі уақыт көрсетіліп визуалды түрде ескертпе жасайды. Фильмдердің аңдатпаларында да индекстерді қолданады. Бұл ереже отандық фильм индекстеріне сай келмейді. Жас шектеу критерилері де бірдей болғанымен мазмұны жағынан сай келмейді. Әр канал өздері қалаған индекстерін белгілеп қалаған фильмдерін халыққа ұсынып келеді. Белгіленген ережелерде бүге шігесіне дейін жазылып барлық каналдарды бір ізгілікке шақыру керек.

Фильмдер мен сериалдарды ғана индекстемей жаңалықтар мен спорттық ойындардар басқа барлық бағдарламаларға индекс критерилерін қолдану міндеттелу керек. Жас шектеулері мен қоса мазмұны жағынан индекстер белгіленіп, екі индекс бір бағдарламаға қойыла алатындай жағдай жасау керек. Фильмдер мен бағдарламалардың аңдатпаларында да индекстер экран бұрышында көрсетілу керек. Осы бағдарламаны баспасөзде берілетін болса индексі берге қосыла берілуі керек. Индекстерден кейін жарнамалық үзіліс берілмеу керек. Барлық теле арналар бір ережеге бағыну керек. Бағдарламалар мен фильмдер арасында жарнамалық үзілістен кейін де экранның жоғарғы бұрышында индекс белгісі көрсетілу керек. Теледидар каналдарын ауыстырғанда яғни басқа каналға өтілген кезде белгілі уақыт индекстер экран бұрышында көрініп тұрғаны абзал.

Америкада қолданыстағы, теледидар баптауынан жас шектеуі қойылатын бағдарламаны еңгізу керек. Баптаулардан жас өспірімдерге кері әсер ететін индекстерді белгілеп бұғаттап қойылған бағдарлама басталғанда балаларға қол жетімсіз болады. Үйде болма-саңызда белгілеген шектеудерді теледидар автаматты түрде индексіне қарай шектеу қояды.

Фильм индекстерінің нормативтік құқықтық актілер иерархиясы жағынан шетел мемлекеттерімен салыстырмағанның өзінде қолданыстағы индекс ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет екені бұлтартпас шындық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Gunter, Barrie, Jackie Harrison, Maggie Wykes. (2003). Violence on Television. Distribution, Form, Context, and Themes. New Jersey: Lawrence Erlbaum Associates Publisher.
- 2 Vaughn, Stephen, (2006). Freedom and Entertainment. Rating The Movies in an Age of New Media. USA: Cambridge University Pres.
- 3 Distribution, Form, Context, and Themes. Available at: <http://www.tvguidelines.org/default.asp>
- 4 Nathanson, Amy I ve Cantor Joanne. Protecting Children from Harmful Television: Tv Ratings and the V-Chip. Available at: <http://.parenthood.library.wisc.edu/Nathanson.html>
- 5 Defne ÖZONUR, Televizyon Programlarını Sınıflandırma Sistemleri «Akıllı İşaretler» Ne İşe Yarar?, (Television Content Rating Systems What is the function of «Smart Signs»?) Özonur Global Media Journal TR Edition, 6 (12) Bahar/Spring, 2016.
- 6 Бұқаралық ақпарат құралдары туралы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451 Заңы. - Астана: Фолиант, 1999.
- 7 Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Электронды нұсқа]. - URL: <http://adilet.zan.kz> (23.10.2018ж. қаралды)
- 8 Қазақстан Республикасының Мәдениет туралы заңы. [Электронды нұсқа]. - URL: <http://adilet.zan.kz> (19.11. 2018ж. қаралды)
- 9 Фильмнің индексін айқындау критерийлерін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің № 7 Бұйрығы 12.03.2012. [Электронды нұсқа]. - URL: <http://adilet.zan.kz> (08.12.2018ж. қаралды)
- 10 Винникотт Д.В. Разговор с родителями. - Москва: Класс, 2011. - 215 с.

Г.К. Тажибаев¹, А.Т. Билдебекова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави, Туркестан, Казахстан

Критерии телепередач по возрастным категориям

Аннотация. В этой статье индексы фильмов, используемые по телевидению, представлены в Америке и Казахстане. Рассматриваются правовые нормы, введенные в действие кинофильмов, и эффективность системы возрастных ограничений. Эффективность отечественной системы сравнивается с американской системой, в которой использовались первые индексы фильмов.

Польза и вред, которые телевидение принесло человеку, обсуждаются экспертами и до сих пор не могут прийти к выводу. После обретения независимости Республики Казахстан в средствах массовой информации, а также в средствах массовой информации транслировалась «свобода выражения мнений», сколько телевизионных каналов оставили общество без фильтра.

Ключевые слова: телевидение, кино указатели, возрастные ограничения

G.K. Tazhibayev¹, A.T. Bildebekova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

Teleplay Criteria according to age Categories

Abstract. In this paper, the movie indexes used on television are provided in America and Kazakhstan. The legal norms introduced into the operation of movie indices are examined and the effectiveness of the age restriction system is examined. The efficiency of the domestic system is compared with the American system, which used the first movie indexes.

The benefit and harm that the TV has provided to the person is discussed by experts and is still unable to come to a conclusion. After the Republic of Kazakhstan gained its independence, «freedom of expression» was broadcast in the media, as well as in the media, how many television channels that have left the society without filter.

Keywords: TV, movie indexes, age restriction

References

- 1 Gunter, Barrie, Jackie Harrison, Maggie Wykes. Violence on Television. Distribution, Form, Context, and Themes. Lawrence Erlbaum Associates Publisher, (New Jersey, 2003).
- 2 Vaughn, Stephen, Freedom and Entertainment. Rating The Movies in an Age of New Media. (Cambridge University Pres, USA, 2006).
- 3 Distribution, Form, Context, and Themes. Available at: <http://www.tvguidelines.org/default.asp>
- 4 Nathanson, Amy I ve Cantor Joanne. Protecting Children from Harmful Television: Tv Ratings and the V-Chip. Available at: <http://parenthood.library.wisc.edu/Nathanson.html>
- 5 Defne ÖZONUR, Televizyon Programlarını Sınıflandırma Sistemleri “Akıllı İşaretler” Ne İşe Yarar?, (Television Content Rating Systems What is the function of “Smart Signs”?) Özönur Global Media Journal TR Edition, 6 (12) Bahar/Spring, (2016).
- 6 Bukaralyk akparat kuraldary turaly [The Media Law]. Kazakstan Respublikasynyn 1999 zhylygy 23 shildedegi N 451 Zany. (Foliant, Almaty, 1999). [in Kazakh]
- 7 Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic version]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed: 23.10.2018.). [in Kazakh]
- 8 Kazakstan Respublikasynyn Madeniet turaly zany [Law of the Republic of Kazakhstan on culture]. [Electronic version]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed: 19. 11.2018.). [in Kazakh]
- 9 Filminin indeksin aikyndau kriterilerin bekitu turaly [Order of approval of the criteria for determining the index of the film]. Kazakstan Respublikasy Madeniet zhane akparat ministrinin 12.03.2012. №7 Buyrugy. [Electronic version]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed: 08.12.2018). [in Kazakh]
- 10 Vinnikott D.V. Razgovor s roditelyami [With the help of breeders]. (Klass, Moscow, 2011.). [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Тәжібаев Ф.Қ. - Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Білдебекова Ә.Т. - филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

Tazhibayev G.K. – PhD student at faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Bildebekova A.T. - A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.



FTAMP 19.01.29

Х.С. Молдабаев

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: moldabaev@mail.ru)*

Мемлекеттік мекемедегі баспасөз қызметі және оның негізгі бағыттары

Аңдатпа. Қазақстанда әр мемлекеттік органда, квазимемлекеттік сектордағы компанияларда, жалпы әр түрлі мекемелерде баспасөз қызметтері, пиар немесе маркетинг бөлімдері жұмыс істейді. Алайда шетелде бұл бөлімдер жеке-жеке қызмет атқарады, яғни істеп жатқан жұмыстары бір-бірін қайталамайды, әр бөлім өзіне міндеттелген шараларға жауап береді. Бірақ Қазақстанда әдетте мемлекеттік органдарда осы жұмысты тек баспасөз қызметі атқарады. Алайда барлығы мекеменің жұмыс істеу бағытына және мемлекеттік деңгейде стратегиялық жағынан маңыздылығына байланысты екені белгілі. Кейбір компанияларда тек бір ғана баспасөз хатшысы болса, бірқатарында баспасөз қызметі мен PR бөліміне жеке штат бөлінеді. Осы ретте мен еліміздегі баспасөз қызметтері қандай және қалай жұмыс істеп жатқанынан тоқталдым.

Ал, халықаралық дәрежедегі үлгі болатындай баспасөз қызметтері қандай және олардың жұмысындағы басым бағыттарын жаздым. Мақалада Денсаулық сақтау саласын нақты мысалға ала отырып, әлемдегі әр түрлі PR сарапшыларының ойларына жүгінемін.

Түйін сөздер: қоғаммен байланыс, денсаулық сақтау саласы, баспасөз қызметі, баспасөз қызметінің үлгісі, баспасөз қызметінің міндеттері, БАҚ -пен байланыс, ақпараттық материалдар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2018-125-4-61-67>

Кіріспе. Бүгінгі таңда мемлекеттік органдарды баспасөз қызметінсіз елестету мүмкін емес. Тіпті мемлекеттік органдар емес, кез келген мекеме PR маманын немесе баспасөз хатшысының болуы қалайды. Себебі кішігірім келеңсіздік дауға айналып, компанияның ілгері жылжуына кедергі келтіруі мүмкін. Ал, баспасөз хатшысы керісінше, компанияның имиджін жақсы қырынан қалыптастырып, мекеменің дамуына, оның төңірегінде оң көзқарас қалыптастыру жолында еңбек етуі тиіс.

Зерттелуі. Кейбір сарапшы мамандар баспасөз қызметтерін пиар бөлімінің бір құрылымы деп есептейді. Бұл ретте пікір әр түрлі. Бірқатар пиар мамандары басқаша тұжырым жасап келеді. Бірақ көп жағдайда екі қызметтің жұмысы бір-бірімен ұқсас келеді, әсіресе біздің елімізде. PR қызметі жалпы компанияның стратегиясын әзірлейді, ал баспасөз қызметі пиардың құрылымы екенін әсіресе шетелдік сарапшылар жиі айтады.

Мақсаты. Халықаралық деңгейде баспасөз қызметі мен PR бөлімдеріне қатысты пікірлер сан алуан екені белгілі. Аталмыш бөлімдер жеке-жеке жұмыс істейтіндіктен әрқайсысына жүктелетін міндеттер белгіленген. Ал, Қазақстанда кейбір мекемелерде баспасөз қызметіне қандай міндеттер жүктелетіні реттелмеген. Елімізде көбінесе баспасөз, PR, мар-

кетинг деген салаларды бір ғана бөлім немесе маман алып жүретіні үйреншікті жағдайға айналды. Мұндай бөлімдер немесе департаменттер баспасөз қызметі, пиар бөлімі немесе медиа-маркетинг және басқаша аталуы мүмкін. Әлем сарапшылары пікірлеріне сүйеніп, мемлекеттік мекемедегі үлгілі баспасөз қызметі қандай болу керектігін анықтадым.

Негізгі бөлім. Баспасөз қызметіне қандай міндеттер жүктелуі тиіс? Бұл сұраққа әркім әр түрлі жауап беруі мүмкін. Себебі оның нақты тұжырымдамасы жоқ, көптеген сарапшылардың ойы әр түрлі, дегенмен негізгі ой бір. Осы ретте Үлкен Ресей энциклопедиясының тұжырымдамасын мысалға алайық:

Ұйымның, мекеменің, билік органының баспасөз және басқа да БАҚ-пен байланыс орнататын құрылымы. Қызметі баспасөз парақтарын шығару, баспасөз конференцияларын ұйымдастыру, телефон немесе ғаламтор арқылы кеңес беруден тұрады. Баспасөзбен қарым-қатынас бір баспасөз хатшысы немесе баспасөз қызметінің барлық қызметкерлері арқылы іске асырылуы мүмкін деп айтылған [1].

Ал, орыс түсіндірме сөздігінде баспасөз қызметі - баспасөзде шыққан материалдар негізіндегі ақпаратты жинақтаушы және өңдеу бөлімі делінген [2]. Осылайша жоғарыда келтірілген түсініктемелерді қарастырайық. Біріншісінде бұқаралық ақпарат құралдарына белгілі бір ақпаратты жеткізуге басымдық берілгені айтылған, ал, екінші нұсқасы ақпарат құралдарында жарияланған материалдарды жинақтап, олардың негізінде талдау жасау керектігі жайлы жазылған. Алайда осы екі түсініктеме бір-біріне қайшы емес екенін айтқан жөн, тек екеуінде де екі түрлі бағыт туралы. Яғни, баспасөз қызметі әр түрлі қызметтерді атқара алатынын айта кету керек.

Пиар саласының теоретигі мен практигі С. Блэк баспасөз қызметі ең әуелі бұқаралық ақпарат құралдарының қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажет деп есептейді. Ол бұл қызметтің негізгі мақсаттары ретінде келесілерді атап кеткен:

- мақала мен очерктер жазуға немесе репортаждар жасауға негіз болатын баспасөзге арналған материалдарды ұсыну;

- ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап беру және кешенді ақпараттық қызметтерді ұсыну;

- баспасөз, радио және телеарнадағы материалдарға бақылау жасап, нәтижелерін бағалау және қателіктер болған жағдайда шара қабылдау.

«Настольная энциклопедия PR» атты кітаптың авторлары А.В. Бекетов және Д.И. Игнатъев баспасөз қызметінің келесідей нұсқасын ұсынып отыр:

- БАҚ-та сөз сөйлеу нәтижесі бойынша мониторинг;
- мақалаларды талдау арқылы басшылыққа белгілі бір шараларды ұйымдастыру бойынша ұсыныс енгізу;

- компанияның ақпараттық саясатына қатысты жоспарлары мен стратегиясын әзірлеу;

- компания басшылығы мәлімдемелерінің мәтіндерін, баспасөз парақтары мен баспасөз қызметінің шұғыл хабарландыруларын жазу;

- қоғам тарапынан түскен сыни пікірлерге жауап беру және жалған ақпараттарды жоққа шығару;

- компания басшылығының қытасуымен сұхбат ұйымдастыру, баспасөз конференциясын өткізіп, радио және телеарнадағы бағдарламаларға қатыстыру;

- БАҚ-та тікелей және жанама жарнама орналастыру;

- редакциялық-баспа қызметі;

- компания қызметі туралы роликтер мен сюжеттер жасау;

- негізгі БАҚ-пен белгілі тілшілерге құжаттама әзірлеу;

- алдыңғы қатарлы БАҚ-тың келешектегі редакциялық саясатын болжау.

Бекетов және Д.И. Игнатъев баспасөз қызметінің құрылымына қатысты үш түрлі пікір жазады:

1. Баспасөз қызметі - ұйым қызметінің және оның дамуының негізгі басқару құрылымдарының бірі. Бұл жағдайда баспасөз қызметі тікелей компания басшысына бағынады. Мекеме ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері кең.

2. Баспасөз қызметі - ұйым мен сыртқы субъектілер арасында «қосалқы құрылым» ретінде қызмет жасайды. Мұндай баспасөз қызметінің мақсаты бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жасау, медиа-талдау, БАҚ пен байланыс орнату, іс-шараларды ұйымдастыру.

3. Баспасөз қызметінің қызметі басқа компанияға тапсырылады [3, 4 б.].

«Современная пресс-служба» атты оқу құралының авторы Н.Н. Воронцованың пікірі:

- БАҚ байланыстарын және ақпаратын басқару;
- ұйымның өзінің ақпараттың қалыптастыру;
- ақпаратпен манипуляциялау;
- ақпараттық ағынды сегменттерге бөлу;
- ақпаратты басымдық берілуіне қарай бөлу;
- ақпараттық әріптестік;
- эксклюзивті ақпаратты жинап, тарату;
- ұйым туралы ақпарат тарату стилі мен формасын оптимизациялау.

Пиар саласындағы әр түрлі ғалымдардың түсініктемелеріне сүйене отырып, біздің елімізде де баспасөз қызметі немесе PR бөліміне нақты талаптар қойылғаны орынды деп есептеймін. Қазір Қазақстанда мемлекеттік мекемелерде, квазимемлекеттік секторда, қаржы ұйымдарында және тағы да басқа компанияларда мұндай бөлімдер немесе мамандар жұмыс істейді. Көп жағдайда бұл қызметкерлердің жұмысы халыққа ақпарат жеткізу мен жарнамалау шараларымен шектеледі. Бізде көбінесе келеңсіздік орын алғаннан кейін, оның салдарын жоюмен айналысады. Бірақ проблеманың алдын алу бағытындағы жұмыстар бір жолға қойылмаған. Осы бөлімнің мақсаттарын қарастырып көрейік. Сондықтан біздің жағдайымызда пиар қызметі мен баспасөз қызметін екі бөлек емес, бір шыңырақтың астындағы бөлім немесе департамент ретінде қарастырған абзал.

Мысалы өзім денсаулық сақтау саласындағы PR-дың өзекті мәселелерін зерттеп жүргендіктен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметіне кеңірек тоқталғым келеді. Министрлікте Жұртшылықпен байланыс басқармасы-баспасөз қызметі деген құрылым бар және оның басшысы мен бірнеше қызметкері жұмыс істейді. Дегенмен министрліктің хатшылығына кіретін министрдің жеке баспасөз хатшысы мен осы қызметтің ішінде тағы екі маман бар. Ол қандай жұмыстармен айналысып жатыр? Мақсат, міндеті қандай екенін екіншісі біле бермеді. Бірақ әлеуметтік сала болғандықтан денсаулық сақтау жүйесіне қатысты сыни пікірлер мен келеңсіздіктер көп. Сондықтан олардың қызметін оңтайлындырған дұрыс. Баспасөз қызметі министрліктің имиджіне нұқсан тимейтіндей жұмыс жасауы керек. Бірақ барлық мемлекеттік органдарға үлгі болатындай баспасөз қызметі ол қандай болуы қажет?


«Современная пресс-служба» атты оқу құралының авторы Н.Н. Воронцова баспасөз қызметіне деген төмендегідей міндеттерді белгілеген:

1. Ақпараттық саясаттың басым бағыттарын анықтау;
2. Имиджді қалыптастыру;
3. Брендті құру;
4. Корпоративтік стильді құру;
5. Баспасөз хабарламаларын жолдау;
6. Пресс-китті әзірлеу;
7. Халықты ақпараттандыру;
8. Қоғамдық пікірді қалыптастыру;
9. Баспасөз конференцияларын ұйымдастыру.

Осы тақырыпты жоғарыда айтылған Н.Н. Воронцованың пікірімен ары қарай өрбітетін болсақ баспасөз қызметінің негізгі міндеттері төмендегідей болу керек: ақпараттық, сараптамалық және ұйымдастырушылық.

Бұрын пиар деген сөз баршамызға таңсық болатын. Әсіресе баспасөз қызметі деген атауды жиі еститін едік. Ал, қазір мекемелер тіпті осы қызметті атқару үшін тиісті компанияларға тапсырыс беріп, орындатып жатады. Баспасөз қызметі өзінің жұмысын штаттағы және штаттан тыс қызметкерлер арқылы іске асыра алады.

Халықаралық деңгейде баспасөз қызметінің үлгісін Н.Н. Воронцованың туындысы тұрғысынан қарастырып, талдап көрейік. Оның ойынша баспасөз қызметінің кадрлық құрамы келесідей болғаны дұрыс:



Баспасөз қызметінде төмендегідей бірнеше бөлім болса жұмыс жеңіл әрі жылдам жасалады:

**1. БАҚ-пен
байланыс
жасау бөлімі**

**2. Ақпараттық
материалдар**

**3. Сараптамалық
топ**

1. БАҚ-пен байланыс жасау бөлімі:

- Шаралар туралы БАҚ ақпараттандыру;
- Ақпараттық және жарнамалық материалдарды БАҚ-та жариялау;
- Тілшілер туралы мәліметтер базасын құру;
- Ұйымның бірінші басшысының баяндамаларын жазу;
- Топ алдында сөйлеуге қатысты тренингтерді ұйымдастыру;
- Ақпараттық себепберді табу;
- Өз позициясына қатысты акциялар өткізу;
- Баспасөз конференциясын, брифингтер, дөңгелек үстелдер, журналистермен кездесулер, БАҚ өкілдері үшін экскурсиялар, сұхбаттар ұйымдастыру;
- Журналдар мен газеттерді шығару, телеарнаға арналған бейне роликтер жасау.

2. Ақпараттық материалдар дайындау бөлімі:

- Баспасөз парақтарын жазу, журналистерге және тиісті аудиторияға пресс-кит әзірлеу және түскен сұрақтарға жауап жазу;
- Мониторинг;
- Аударма;
- Ресми сайтқа материалдар әзірлеу және сайттың жұмысын сүйемелдеу;
- Ақпараттық құжаттарды дайындау және журналистердің тіркелгендігі туралы карталарын әзірлеп, тапсыру.

3. Сараптамалық топ:

- Шара өткізілгеннен кейін қорытынды шығару;
- Медиа-сараптама;
- Пресс-киттердің тиімділігіне баға беру;
- Сайттың тиімділігіне баға беру (дизайн, контент, навигация және мұрағатқа);
- Арнайы бағдарламаларды дайындап, іске асыру;
- Сараптамалық есеп;
- Жылдық есеп беруге қатысу.

Осы үш бөлім толық жасақталған баспасөз қызметінде болады. Алысқа бармай өзіміздің көршілес Ресейдегі баспасөз қызметтерін қарастырып көрейік. Баспасөз қызметтері келесідей болып бөлінеді:

- Сала бойынша;
- Басқару және бағыну деңгейіне байланысты;
- Аумақтық - өндірістік;
- Сапалы және саны жағынан кадрлық құрамға байланысты;
- Қаржылық мүмкіндіктерге қарай;
- Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге байланысты;
- Медиа кеңістікке әсер ету бойынша.

Енді баспасөз қызметтерін қызмет жасау саласына байланысты қарастырайық. Мемлекеттік органдардағы баспасөз қызметтерін өкілетті, атқарушы, сот билігі, ал қоғамдық ұйымдардың баспасөз қызметтерін (кітапхана, еркін қоғамдық бірлестіктер), шығармашылық, мәдени одақтар, конфессиялық ұйымдар мен мекемелер ретінде, кәсіподақтар баспасөз қызметі, саяси партиялар мен қозғалыстардың, спорттық ұйымдар мен мекемелердің, қаржы мекемелерінің, кәсіпкерлік құрылымдардың баспасөз қызметтері (экономикалық қызмет субъектілетрі және әр түрлі формадағы корпорациялар, /холдингтер, компаниялар, зауыт,

фабрикалар, комбинаттар, жеке тұлғалардың баспасөз қызмететрі), мемлекеттік бюджеттік мекемелердің және ұйымдардың (оқу орындары, денсаулық сақтау, ғылым және мәдениет мекемелері), БАҚ баспасөз қызметтері деп қарастыруға болады. Әрине, мемлекеттік органдардағы баспасөз қызметтерінің рөлі зор. Олардың баспасөз қызметтерінің басқарудың жоғары деңгейі тек тактикалық емес, стратегиялық мәселелерді шешуге көмектеседі, сонымен қатар, олардың мүмкіндіктері де көбірек, яғни қазіргі заманға сай технологиялармен жоғары дәрежеде жабдықтала алады.

Ең жақсы деген баспасөз қызметі келесідей материалдық-техникалық базамен жабдықталуы тиіс:

- байланыс құралы (телефон, телетайп, факс, мобильді байланыс);

- ақпаратты электронды өңдеу жүйесі (тиісті бағдарламалармен қамтамасыз ету);
- баспа бөлімі: бюллетень тәріздес басылған ақпарат, баспасөз парағы және т.б.;
- ішкі райдо жүйесі мен ішкі телеарна;
- кітапхана мен автоматтандырылған басқару жүйелі ақпараттық-анықтамалық;
- сервис қызметін (тамақ, экспедиция, көлік);

- автоматтандырылған ақпарат таратушы құрал (көп мақсатта қолданылатын телефон аппаратурасы). Әрине, баспасөз қызметінің тиісті жабдықтармен қамтамасыз етілуі қаржыға байланысты [5, 7-16 б.].

Қорытынды. Шетел тәжірибесіне сүйеніп, әлем сарапшыларының пікірлеріне жүгіне отырып, мемлекеттік органдарға үлгі болатындай баспасөз қызметінің жұмысын ұйымдастыру күрделі екенін байқап отырмыз. Себебі жоғарыда айтылған көптеген қызметкерлерден құрылған бөлімдерді ашу, олардың жұмыстарын керекті құралдармен қатамасыз етуге қомақты қаражат қажет. Біздің елімізде мұндай бөлімдерге мақала барысында мысалға келтірілген құралдар мен жабдықтарға қаржы бөліне бермейді. Дегенмен баспасөз қызметтері халықаралық деңгейде жасалып жатқан істерді мысалға ала отырып, қызмет еткендері жөн. Баспасөз қызметкерлері тек ақпаратты жеткізумен шектелмей, орын алуы мүмкін тәуекелдердің алдын алып, шара қабылдайтындай деңгейге жету керек деп есептеймін. Сол кезде баспасөз хатшысы қызмет етіп жатқан компания имиджіне нұқсан тимеуі тиіс және бұл саладағы мамандарға деген сұраныс артады. Біздің жағдайымызда көпшілік қызметкерлер тек орындаушылық деңгейде қалып қояды, ал ньюсджекинг, спин доктор сияқты пиар технологияларын қолдануға қатысты тың идеяларды ұсына бермейді. Саланы дамытайық десек, халықаралық тәжірибені күнделікті қолданысқа енгізуіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Үлкен Ресей энциклопедиясы [Электронды ресурс]. - URL: <http://www.wikiwand.com/ru/> (18.11.2018ж. қаралды).
- 2 Орыс түсіндірме сөздігі [Электронды ресурс]. - URL: <http://ozhegov.textologia.ru/search/?q=740&step=2> (18.11.2018ж. қаралды).
- 3 Бекетов А.В., Игнатъев Д.И. Настольная энциклопедия PR. - Москва: Бизнес Букс, 2003.
- 4 Воронцева Н.Н. Современная пресс-служба. - Москва, 2009. - 7-16 бб.

Х.С. Молдабаев

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Пресс-служба в государственном органе и её основные направления

Аннотация. В Казахстане в каждом государственном органе, квазигосударственном секторе и других учреждениях действуют пресс-службы, отделы маркетинга или PR. Однако в ведущих странах мира эти отделы или департаменты работают самостоятельно друг от друга, у каждого своя

деятельность и каждый отвечает за свою работу. В Казахстане эту работу в большинстве своём выполняет пресс-служба. Разделение ответственности между отделами зависит в основном от стратегического направления учреждения. В некоторых компаниях есть только один пресс-секретарь, а в некоторых работают целые отделы пресс-службы и PR. В этой статье приводится пример из сферы здравоохранения. Учитывая мнения и международный опыт различных экспертов PR, в статье описаны приоритетные направления пресс-службы.

Ключевые слова: Связи с общественностью, сфера здравоохранения, пресс-служба, модель пресс-службы, цели пресс-службы, взаимодействие со СМИ, информационные материалы.

Kh.S. Moldabayev

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Press service in a government agency and its main areas

Abstract. There are press services, marketing or PR departments in every government body, quasi-public sector and other institutions in Kazakhstan. However, in the leading countries of the world, these departments work independently of each other, each has its own activities and responsible for its work. In Kazakhstan, this work is mostly carried out by the press service. The division of the responsibility between departments depends mainly on the strategy of the institution. In some companies there is only one press secretary, and in other there are whole departments of the press service and PR. This article provides an example from the healthcare industry. Taking into account the opinions and international experience of various PR experts, the article describes the priority areas of the press service.

Keywords: Public relations, healthcare, press service, press service model, press service goals, media relations, informational materials .

References

- 1 Ulcen Resei enciclopediasi [Big Encyclopedia of Russia] [Electronic resource]. Available at: <http://www.wikiwand.com/ru/> (Accessed 18.11.2018.). [in Russian].
- 2 Oris tusindirme sozdigi [Dictionary of Russian language]. [Electronic resource] Available at: <http://ozhegov.textologia.ru/search/?q=740&step=2> (Accessed: 18.11.2018.). [in Russian].
- 3 Beketov, A.V., Ignatev, D.I. Nastolnaya enciklopedia PR [Desktop Encyclopedia PR]. (Business Books, Moscow, 2003, 4 p.). [in Russian].
- 4 Voronceva, N.N. Sovremennaya press slujba [Modern press service]. (Moscow, 2009). [in Russian].

Автор туралы мәлімет:

Молдабаев Х.С. - «6M051400 – Қоғамдық байланыс» мамандығы бойынша 2 курс магистранты, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Moldabayev Kh.S.- 2nd year undergraduate majoring in «6M051400 - Public Relations», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

XFTAP 19.41.09

Н.О. Омашев

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: *Omashev-no@enu.kz*)

Ұлт-азаттық көтеріліске жаңа көзқарас

Аңдатпа. Уақыт озған сайын маңызы артып, мәні айшықтала түсетін тарихи оқиғалар болады. Сонымен бірге өз дәуірінде бәсі жоғары болғанымен, кейіннен бағасы кемитін құбылыстар да аз емес. Айырмашылығы: алдыңғысын заманның өзі қалап, тарих тудырса, кейінгісін пенде қолдан жасайды. Әрине, екеуін де екшеп, лайықты орындарына қоятын уақыт таразысы. Еліміз тарихында ерекше аталып, жыл өткен сайын ұлықтала түсетін сондай келелі оқиғалардың бірі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Бір өкініштісі, бұл кезең – алтынмен жазылса да, бодауы қанмен төленген қаралы тарих. Бұл көтерілістің мәні туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы да Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түспегенін, ал ондай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі мүмкін еместігін атап өткен болатын.

Мақалада осы көтерілістің басты ошақтарының бірі болған Әулиеата, Меркі өңіріндегі баскөтеру баяндалады. Көтерілістің туындау себептері, салдары және осы қарсылықты бастаушы Ақкөз Қосанов жайлы тұщымды дәлелдер негізінде ғылыми тұжырым жасалады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске жаңаша пайым таныту – материалдың басты нысанасы.

Түйін сөздер: 1916 жылғы көтеріліс, 25 июнь жарлығы, ұлт-азаттық көтеріліс, Ақкөз батыр, Ақкөз Қосанов, Әулиеата көтерілісі, Меркі баскөтеруі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2018-125-4-68-75>

Кіріспе. 1916 жылғы 25 маусымдағы патшаның Қазақ өлкесі, Орта Азия және Сібір тұрғындарынан 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмысына алу жарлығы қазақ даласына жай оғындай тиді. Дүрліккен ел бас көтеріп, қазақ даласының әр қиырында толқулар болып жатты. Жер шалғайлығы, ел арасындағы әлсіз байланыс көтерілісте күшті топтастыруға, өзара ортақ қимылдауға көп қиындық тудырды. Сол себепті әркім өз бетінше атқа қонып, әрекет жасағандар ауқымы мен күші де әр өңірде әркелкі болды.

Мәселенің зерттелуі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында сөйлеген сөзін: «Ең ірі халық көтерілістерін Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Амангелді мен Бекболат, Ақкөз сияқты батырлар бастады. Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шыққан көзсіз ерлерді халық әлі күнге ән-жырға қосып, аяулы аттарын ардақ тұтып келеді. Ардақ тұта береді...», – деп аяқтайды. Яғни, Әулиеата жеріндегі Меркі өңірінде болған көтерілісті Елбасымыз «ең ірілері» қатарына қосып, оның басшысы – Ақкөз Қосанұлын қазақтың белгілі батырларымен қатар атауы тегіннен тегін емес. Мысалы, Тұрар Рысқұловтың «1916 жылғы көтеріліс» деген мақаласында: «Басқаларға қарағанда күштірек болған көтеріліс – Әулиеата уезінің, әсіресе, Меркі ауданының көтерілісі болды. Әулиеата уезінен қара жұмысқа 22 мың 675 адам алынбақ екен. Тамыздың соңына дейін үш мың адам алынды» дейді [1, 11].

Осыған байланысты мынадай бір деректерге мән бермесек болмас. Аталған мақаланың басында генерал-губернатордың Түркістан өлкесіне таратқан жарлығында: Сырдария облысынан 60 мың, Самарқан облысынан 32 мың 407, Ферғана облысынан 13 мың 830 адам алыну керек деп көрсетілген. Яғни, Самарқан мен Ферғанаға «мақта егетін елдерге жеңілдік» жасалған. Сондықтан негізгі қиыншылық қазақ ауылдарына түскен. Осындай жағдайдан соң көтерілістің қазақ жерінде көп болуы заңды құбылыс деп түсіну керек. Қазақтан қара жұмысқа адам алу санына байланысты Мұхамедрахым Жармұхамедұлы де-

ген зерттеуші былай деп жазады: «Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы бекіткен есеп бойынша басында Әулиеата уезінің 43 болысынан 13 мың 104 адам алу жөнінде бұйрық болған. Қазақтардың қарсылығынан кейін бұл сан 22 мыңнан асып кеткен» дейді [1, 60]. Сонда Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Мадритов пен генерал-адъютант Куропаткин ойына келгенін істеген болып шығады.

Бұйрықтың қатаң атқарылуы, Әулиеата уезінің бастығы Н. С. Кастальский мен Меркі приставы Лундиннің ымырасыз әрекеттері елдегі жағдайды одан әрі ушықтыра түсті. Айналып келгенде осының бәрі халықтың патша билігіне деген ашу-ызасы мен қарсылығын өршітті. Ашынған ел өз еріктерімен қайсар ұлдарының жағына шықты.

Ұзын сойыл ұр да жық генерал-губернаторлар әскерлерді ғана емес, орыс шаруаларын да қазақтарға қарсы айдап салды. Жетісу генерал-губернаторы Фольбаум «Барлық әскерлер мен крестьяндарға жеткізіңіз: Бүлікті жылдам басып, басбұзарларды тәубесіне келтіру тек бір жолмен ғана іске асады. Ол үшін ең бүлікшіл болыстың тас-талқанын шығарып, бірнеше жүз адамын қырып салу арқылы өзгелерге сабақ беру керек деген шешім шығарды. Қабылбек Сарымолдаевтың қарашекпенділер Саңырақ деген руды кемпір-шал, бала-шаға демей түгел қырып салды деп еске алуы осы бұйрықтың орындалуы деп қабылдауымыз керек [1, 101].

Міне, өлке, облыс тағдырын шешетін шенділердің шынайы бейнесі. Ал одан жоғарыдағылардың, яғни, ішкі істер министрлігінің өлке басшыларына жіберген жеделхатында: «Көтерілісшілерге байланысты істі тездетіп қарау үшін уақытша ерекше құқылы әскери сот ұйымдастырылсын. Жауапты адамдар сотқа беріліп, тергеудің аяқталуын күтпестен дереу соттау тәртібі орнатылсын. Егер өлкеде соғыс жағдайы жариялана қалса, ерекше сот тек офицерлерден жасақталатын болсын...» деп көрсетілген [2].

Сонда көтерілісшілерді әскери офицерлер соттайтын болса соғыс пен соттың айырмасы қайсы? Мұндай бассыздық отарлаушы елдің өз ішінде емес, басқа бір елмен шайқаста, ата-жаумен ашық айқаста да қолданылмайтын жендеттік қылық емес пе!

Қан жұтқан қазақ даласы осындай айуандық соттың талай куәсі болды. Түркістан өлкесінің көтерілісті басу үшін жүзеге асырған шараларының бірі ретінде «1917 жылдың бірінші ақпанына дейін өлке бойынша 347 адам ату жазасына, 168 адам каторгалық жұмысқа, 129 адам түрмеге отыруға кесілді» деп көрсеткен аталған қорда. Соның салдарынан патша өкімет орындары қудалаған 300 мың жетісулық қазақ пен қырғыз Қытайға қашуға мәжбүр болды [2].

Мәселенің талқылануы мен нәтижесі. Әулиеата уезі Меркі жеріндегі көтерілістің құрамына келсек, барлық әлеуметтік топтардың өкілдері болғандығын ерекше атап айту қажет. Көтерілісшілердің құрамында байлар да, билер де, болыстар да, старшындар да болды. Бұл оның ұлт-азаттық көтеріліс екенін ашып көрсетеді. Өкінішке қарай кеңес өкіметі кезіндегі саясат бойынша осы тарихи құбылысты негізінен бай мен кедей арасындағы тартыс деп бұрмалап көрсеткісі келді. Көптеген шығармалардың, естеліктердің жазылуында сол саясаттың салқыны бар екендігін ендігі жерде ашық айтпасақ, елі, жері үшін қан төккен арыстар аруағына қиянат болады. Мысалы: Ақкөз Қосанов болыс болған. Оның орынбасары Досмайыл Сырғабаев №9 ауылдың старшыны қызметін атқарған. Меркі приставы 1916 жылы 9 қыркүйектегі Әулиеата уезінің бастығына берген рапортында былай деп баяндайды: «Менің болыстығымнан Ақкөз Қосанов (бұрын болыс болған), Досмайыл Сырғабаев (ауыл старшыны), Иманалы Медеуов (болыс), Қонысбай Ақмырзаев, Қырғызбай Тілеуов, Жетпісбай Бағысов, Тұзақбай Шындалин (халық судиясы), Сүттібай, Асылбек Дүзенов, Қожаберген Беделов, Арманбай Беков, Көкіш Жакеев, Әбіл Оразбақов, Нүсіпбай Шанбатшаев (ауыл старшыны), Бекбадшаев, Шолпанқұл Ақмалбетов, Тұрғынбай Ақманбетов, Аттыбек Орманбетов, Шары Қоңғыбаев, Сүлеймен Жылысбеков, Абдолла Қазақов, Мырзабай Құттыбеков, Дәуренбек Абдуллаев, Кәрібай Дәнішев, Кәрімбай Нұртыбаев, Қазанбай,

Сауранбай Жайылғанов, Тілеш Әтекесов, Кесікбай, Көпұзақ Оңбаев, Жантай Малдыбаев (ауыл старшыны), Сәрсенқұл Оңғарбаев (ауыл старшыны), Тұрысбек Абдуллаев, Жантұрсын Иманбаев, Асылбек Дуанаев, Биназар, Қыдырбай, Қашқымбай» деп жалғасып кетеді. Сонымен көтеріліске басшылық жасағандар саны 38 деп көрсетілсе [1, 86], тағы бірде 62 адамның аты аталады [2].

Соғыс жағдайында берілген рапорттың өзінде халық судиясы атағы барлар, болыстар мен көптеген старшындардың аты-жөні, атақ-лауазымы көрсетілген. Бір ғана болыстықтың өзінен халқы үшін жанын аямаған осынша ел ағалары атқа қонған екен. Олардың арасында байлары да, дәулеттілері де аз болмағаны өзінен-өзі түсінікті. Ендеше, бұл тарихи құбылыс әбден жауыр болған бай мен кедей қарсылығынан гөрі тереңірек үңілуді, әділ таразылауды қажет етеді. Сондықтан Біз бүгін 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске шын мәніндегі жаңаша көзқарас тұрғысынан бағасын беруіміз керек.

Иса Дәкебаевтың «Бекболат» поэмасында:

«Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,
Басыңды жер астына тықпақ болдым.
Рас десең, рас сөз мен айтайын,

Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым» -деп, Бекболат батырдың ақжарылуы сол кездегі ашынған қазақ батырларының барлығының үні деп қабылдау керек.

Меркі приставы Лундиннің рапортында: «Жоғарыда баяндалған ауыл старшындары мен олардың кандидаттарын тамыздың 29-нан бастап (көтерілістің қызған шағы) лауазымды қызметтерінен босатуыма рұқсат етуіңізді өтінемін, жоғары мәртебелім. Аспара және Қорағаты болыстық басқармасының маған берген жалған рапорттарына байланысты... Ал енді Қорағаты болыстығының басқармасы Ибақ Тұрғымбаевқа қатысты айтатын болсам, жоғары мәртебелім, оны лауазымды қызметінен босатуыңызды өтінемін. Өйткені менің лауазымыма қарамастан берген бұйрықтарымды орындамайды...болған және болуы мүмкін жағдайлардан нақты хабар айтып мәлімдемейді» дейді [1, 86 б]. Соған қарағанда бұрын болыс, старшын болғандар ғана емес, көтеріліс кезінде лауазымды қызметте жүргендер де патша берген шеннен бас тартқанын, халық жағына шыққанын байқаймыз.

«Көтерілістің басшысы Ақкөз Қосанов (№8-ші ауыл Қорағаты болысы) өзін хан есебінде санайды» дейді Лундинь. «Ол жөніндегі менде бар мәліметтерге қарағанда, ол тамыз айында Пішпекке барып қайтқан. Ол жақтан халыққа үгіт-насихат жүргізу және оны басқару жөнінде, тағы басқа да қажетті ақыл-кеңес алып келуі сөзсіз.

Ал қаза тапқан көтерілісшілерді тексеріп қарағанда олардан үш сызықты винтовканың патрондары табылған. Демек, бұл көтерілісшілердің Жетісу қозғалысымен де байланысты болғандығының дәлелі. Соңғы уақытта Шу өлкесінің де халқы көптеп қосылуда. Бұны тез арада жою, талқандау қазіргі уақытта кезек күттірмейтін іс. Әйтпесе көтерілісшілер шайқасы күннен-күнге көбейіп, саны артып келеді» [1, 87 б].

Халық арасында «соқыр пристав» аталып кеткен Меркі учаскесінің приставы Лундиннің рапортына кеңірек тоқталып отырған себебіміз – бұл нақты мәлімет. Оның үстіне жоғары мәртебелісіне бұлтартпас деректерді хабарлайтыны анық.

Кезінде Әулиеата атқару комитетінің төрағасы болған Қабылбек Сарымолдаев: «1916 жылғы Меркідегі қазақтардың көтерілісі жайында есімде қалғандары» деген естелігінде: «ағұстың 17-25-іне дейін көтеріліске әзірлік жұмысы толық жүргізіле бастады. Жетісулықтармен байланыс жасалды. Көтерілісшілер Алматы қаласын алыпты деген сыбыс хабардың жетуі соғыс өртің өршітті. Сондықтан Меркідегі көтеріліс толық дайындалып болмай тұрып басталып кетті...ел басқарып жүргендердің көбі көтерілісті басқаруға кірісіп кетті...орыс қарашаруалары: «біздің балаларымыз Отанды қорғап майданда өліп жатыр. Ал қазақ пен қырғыз халқы үйінде отыр» деп, олардың егістіктерін, мал жайылымын тартып ала бастады. Көтеріліс шығуының бір себебі осы болса керек» [1, 98-100 б].

Кәдірбек Аманкелдиевтің деректі бір шығармасында көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі Иманалы Медеуов: - Мен туған жерім, кіндік кескен жерім Жылыбұлақтан айырылған адаммын. Ата-баба қонысыма орыстарды әкеп қоныстандырып, атын да өзгертіп, Көзмөңке деп отыр. Туған жерімді қайтарып бересің бе, Ақкөз батыр? Алдымен соны айтшы?! деп талап қоятыны бар Бұл Қабылбектің естелігіндегі «орыс шаруалары қазақтардың егістігін, мал жайылымын тартып алып, өздерін қуғынға ұшыратты» дегенін растай түседі.

Ал енді Меркі өңіріндегі көтерілісті басқарған Ақкөз Қосанов кім? Оның айнала-сындағылар кімдер деген сауалға тоқталайық. Ақкөзді бірде хан, бірде батыр, бірде көтерілісті бастаушы, тіпті, ұйымдастырушы деп жүр. Шын мәнінде осының барлығы да рас екен. Оны сақталған мұрағат деректерінен, әртүрлі жыр, дастандардан кездестірдік. Мұрағат деректерінде Ақкөзді ақ киізге отырғызып хан көтергендігі және оның төрт бұрышын Құландағы есқараның 90 жастағы биі Сатылған, Аша елінен келген Рүстембек, төреден Қарабала, қырғыз - Атасақал ұстағандығы айтылады.

Бірақ бұл кезде хандық дәуір келмеске кетіп, қазақ елі бодандық бұғауында болғаны белгілі. «Что Аккоз, хотя и был избран руководителем восстания, но ханом себя не объявлял» дейді академик Ғайрат Сапарғалиев [3, 31]. Дегенмен орыс отаршылдарына қарсы соғыс үшін көтерілісшілерді біреу басқару керек болды. Қабылбек Сарымолдаев: «Қорағаты болысындағы Қоралас руынан шыққан Ақкөз Қосанұлы бұрын болыс болған, қазақ арасында аты шыққан адам еді дейді. Ал «Қазақ батырлары» деген кітапта: «Ақкөз Қосанұлы – Ұлы жүз құрамындағы Дулат тайпасының Ботпай руынан шыққан батыр. Бұзау руынан шығып, Меркі, Құлан өңірінің 7 болыс елін көтеріліске бастаған» деп көрсетілген [3, 15]. Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаев академик Ғайрат Сапарғалиевтің зерттеулеріне сүйене отырып Ақкөздің тарихтан алар орнын анық белгілеп берген. «Видный исследователь, член АН РК, провонед Г.Сапарғалиев в своей монографии «карательная политика царизма в Казахстане» (А., 1966) разбирает «Дело об Аккоз Косанова и других». Перед нами встает образ мудрица, отважившегося встать во главе вооставших 5 тысячной армии повстанцев. Как видно из архивных источников, а также воспоминаний современников Аккоз Косанов – лидер востания был колоритной личностью. 67 летний Аккоз в свое время был волостным Кургантинской волости. Его лично знали как честного, смелого и мудрого аксакала казахи Меркенской, Кумарыкской, Макпалской, Шунгерской, Курагатинской волостей Меркенского уезда (Сыр-Даринской область) образованного в 1893 году. В состав уезда входили киргизы Жайылской, Талканской, Карабалинской волостей. На съезде восставших в местности Ойтал, в 20-25 верстах от село Мерке Аккоз единогласно провозгашен предводителем. Г.Сапарғалиев докозал, что « восстание, как показывают архивные материалы, направлено против колониального гнета, против аграрной политики царизма. ...Аккоз нашел в себе силу взять всю ответственность за организацию восстания на себя, огорадив тем самым многих своих соратников. Род Бузау, состоявший из свыше ста семей, в 1916-1919 годах потерял две третьих» [3, 24-25].

Ақкөз батырдың жас шамасына байланысты, қашан қайтыс болғанына орай келтіретін деректер де бірдей емес. Белгілі ғалым Темірбек Қожакеев өзінің «Үркіншілік» деп аталатын деректі повесінде : «Ол өмір керуенінен 1917 жылы алпыс жасында, туған жер, туған топырағында өтті» деп көрсетеді [4, 76]. Ал «Қазақ батырлары» деген кітапта Ақкөз батыр 1859 жылы туып, 1921 жылы 62 жасында дүниеден өтті деп жазылған [3, 15]. Меніңше екінші кітапта дұрыс көрсетілген болуы керек. Өйткені ол еңбекте авторлар Қазақ Ұлттық Энциклопедиясына жүгінген (1998, 1 т.). Сондықтан академик М. Қозыбаевтың «Иссыкульско-Чуский очаг национально-освободительного движения 1916 года» деген мақаласындағы: «Лидер востания 67 летний Аккоз» дегені күмән тудырады. Яғни, энциклопедиялық деректің шындыққа жақын болатынын ескерсек, Ақкөз Қосанов 1916 жылы қол бастаған шағында 67 емес, 57 жаста болған.

Көтерілісшілердің санына байланысты да әртүрлі деректер келтіріледі. Жоғарыдағы академик Ғ. Сапарғалиевтің аталған мақаласында: «...во главе восставших 5 тысячной армии повстанцев» десе, мұрағат деректерінің бір жерінде 3 мың деп, тағы бір жерінде 4 мың деп көрсетеді. Ал Қабылбек Сарымолдаев жоғарыда аталған естелігінде 10.000 шамасында болды деп анық айтады [5].

Әрине, көтерілісшілердің нақты санын ешкім дөп басып айта алмасуы мүмкін. Дегенмен көтерілістің уездің төрт учаскесін (Меркі, Шу, Аса, Таулы) түгел қамтығандығын сараптай келіп, олардың саны 10 мыңдай болған деп айтуға толық негіз бар. Оның үстіне Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты шығарған кітаптағы ғылыми мақалалар мен мұрағат құжаттарындағы және естеліктеріндегі деректерге сүйенсек, Ақкөз Қосанов бастаған көтерілісшілер саны 10 мың адамнан кем болмаған деген қисынға келеді.

Ақкөз батырдың айналасындағы ондық, жүздікті басқарған қолбасылар, Шынбатша сияқты жауға жалғыз шыққан көзсіз ерлер мен батырдың сенімді серігі, старшын Досмайыл Сырғабаев, болыс Иманалы Медеуов, Ақкөздің ұрпағы, ел сыйлаған ақын Мырзабай, мәмлегерлік жолға жүрген Биназар сияқтылар қаншама. Олар туралы деректерді тауып, ылайықты бағасын беру бүгінгі ұрпақтың парызы.

Осы көтеріліс жайында меркелік ақын Әлтай Сүйіншалиннің «Қалаба» дастанын бөліп атаған жөн. Бұл жырды ақын көтеріліс кезінде ауыз-екі жырланған екен. Оны 1927 жылы Р. Құлбаев қағазға түсіріпті. Сол сияқты көтерілістің 20 жылдығына орай, яғни, 1936 жылы жарық көрген «Он алтыншы жыл» атты жинақта меркелік Рахымбай Құлбаевтың «Қанды күн» деген естелік әңгімесі басылған [3, 36].

Қиялбай Сүгірұлы – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан адам. Сол кісі көтерілістің 20 жылдығында өз көзімен көргендерін дастан етіп жазыпты. Қазақстан Ғылым Академиясының мұрағат қорында сақталған дастаннан бір-екі үзінді келтірелік:

«Не десе Ақкөз көнеді,
Иманалы, Тұржан бар,
Мыңбасы мен жүзбасы
Ойталдың бойын өрледі.
Көп үшін тігіп бастарын,
Бетін қанмен жуғаны.
Досмайыл, Ақкөз, Қалқамбай,
Иманалы, Аршынбай,

Әңгіме-дүкен құрғаны» -деп, батырдың айналасындағы әскер басыларымен көтеріліс жоспарын талқылап, әңгіме-дүкен құрғаны айтылады. Бірақ солардың көтерілістегі орны, басшылық еңбегі әлі толық ашылған жоқ. Мысалы, осы Қиялбай Сүгірұлы жырлаған дастанда Ойтал ауылының азаматы, Иманалы Медеуовтың аты бірнеше жерде айтылады. Бірде:

«Не десе Ақкөз көнеді
Иманалы, Тұржан бар
Бар десе шауып жөнелді» десе,

бірде:

«Атғанды қол бір топ боп,
Иманалы бас болып.
Дайындалып тұрсын деп,

Хабар етті елге шөлдегі» (223 б.) - деп, оның қол бастап, өзге ауылдарға хабаршы жібергенін жырлайды. Шын мәнінде сан мың адам қатысқан көтерілісте Иманалы болыс сияқтылардың аз болмағаны анық.

Мұстафа Шоқайдың: «...16 жылғы көтеріліс Түркістан ұлттық көтерілісінің әліппесі еді және ол, жалпы алғанда, орыстыққа, Ресейге қарсы еді. ...Ата мекеніміз Түркістанның ұлттық пролетариаты мен орыс пролетариаты арасында ешқандай бір достық жақындық болған жоқ» дейтіні Әулиеата уездің жағдайына дәл келеді. Өйткені, Меркідегі көтеріліс жалпы қазақ жеріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің құрамдас бір бөлігі болатын.

Отаршыл Ресей империясының жарлығына қарсылық жасап, көтеріліс ұйымдастырған Меркі қазақтарының ерлік күресі әлі де лайықты бағасын алуы керек. Бұл жөнінде белгілі тарихшы академик М.Қ. Қозыбаевтың көзқарасы өте құнды: «Имена Аккоза Косанова, Досмаиля Свергабаева и других лидеров востания казахов Чуйской долины стоят наравне с именами таких чудогероев национально-освободительного движения как Абдугафар Джанбосынов, Амангелды Иманов, Кейки батыр, Бекболат Ашекеев, Жаменке, Саурык батыр. Их имена будут помнить благодарные потомки» - дейді.

Осы көтеріліс сонымен бірге саяси көсемдерді де өсірді. Айталық, саяси танымы мен зор қабілеті арқылы Т. Рысқұлов көтерілісшілер арасында сенімге ие болып, саяси басшысына айналды. Ақкөз Қосанұлы бастаған көтерілісшілердің іс-әрекетіне ұйымдық сипат беріп, саяси бағыт-бағдар сілтеп отырды. Осындай көзге түсерлік әрекеттерінен кейін патша әкімшілігі Т. Рысқұловты үй қамақта ұстады. Бірақ қолдарында нақты айғақтары болмағандықтан саяси қызметпен айналысуға шектеу қою шартымен босатуға мәжбүр болады. Бұл кезде патшаның жазалаушы әскери жасағы көтерілісшілерді талқандап, басшыларының көзін жойып, халықты жан-жаққа жан сауғалауға мәжбүр еткен-ді. Солардың қатарында Ақкөз Қосанұлы да тұтқындалып, Әулиеата түрмесіне жабылды.

Түрмеге жабылған көтерілісшілер саны да әр жерде әртүрлі көрсетіледі. Мысалы, Темірбек Қожаекеұлы «Лениншіл жас» газетінде басылған мақаласында «600 адам тұтқынға алынды» дейді (1960, октябрь-декабрь). Ал Ғайрат Сапарғалиев «Дело об Аккоз Косанове и других» деген зерттеу мақаласында: «всего по действиям повстанцев, руководимых Аккозом, было возбуждено 26 уголовных дел» деп, нақты құжаттарға жүгінген. Енді бір жерлерде 30 кісі қамауға алынды делінеді. Шын мәнінде, Меркі түгіл Әулиеата уезінің түрмесіне дәл сол кезде бізден 600 адамды қамауға алуға мүмкіндік болған жоқ. Сондықтан академик Ғ. Сапарғалиевтің дерегі дұрыс деп ойлаймыз. Оның үстіне көтеріліс басшыларының саны да осы шамалас.

Тарихтан танитынымыздай, 1916 жылғы маусым жарлығын орындау мен көтерілісті қолдауға байланысты қазақ оқығандарының арасында көзқарас пайым бірдей бола қойған жоқ. Қазақ интеллегенциясының солшыл бағыттағы социал күштері радикалды іс-қимылға бейім тұрды. Негізгі өкілдері Т. Рысқұлов, Т. Бокин, Ә. Жангелдин, Ж. Ниязбеков, С. Меңдешев, Ә. Жүнісов т.б. болған топ халықты қарулы көтеріліске үндеп, бас көтеріп, қарсы тұруға шақырды. Өздері де осы күрестің бел ортасында жүрді. Ал «Қазақ» газетінің маңайына топтасқан Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы қатарлы зиялылар жетекшілік еткен ұлттық бағыттағы либералистер халықты жарлыққа мойынұсынуға үгіттеді. Кейіннен алаштықтардың осы ұстанымы кеңес қайраткерлеріне оларды феодалдық-байшыл билеуші топ ретінде әшкерелеуге таптырмас «дәлел» болғаны анық. Ал, шын мәнінде, кеңес кезінде мұның барлығының мәнін ашып айту мүмкін болмағандығын білеміз. Сол себепті 1916 жылғы көтеріліс туралы сөз қозғағанымызда алаш қайраткерлерін біржақтылы қаралаудан арашалап алу азаматтық парызымыз деп түсінген орынды. Біздің ойымызша, алаш оқығандарының «қазақ жігіттерін тыл жұмысына алу керек» деген жарлықты мақұлдап, оған мойынұсынуға шақырғанында бірнеше объективті себептерді қарастырған болуы мүмкін: біріншіден, «Алаш» қайраткерлері алмағайып заманда, ең бастысы, халқын аласапыраннан аман алып шығуды көздеді; екіншіден, іс жүзінде қолында темірдің сынығы да жоқ қазақтардың мұздай қаруланған орыс армиясына төтеп бере алмай, тектен-текке соғыстың құрбаны болады деп қауіптенді; үшіншіден, егер бірінші дүниежүзілік соғыстан

Ресей жеңіспен шыққан жағдайда қазақтардың да хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына сенім артты. Империямен ымыраға келе отырып, халқының бас амандығын бірінші кезекке қойған «Алаш» көсемдері тылға адам алуды ушықтырмай, қазақтың болашағы үшін әзірлік жұмыстарын жүргізуді ұсынды.

Көтеріліс кезінде орын алған қанды қырғын, жүздеген мың адамдардың қаза табуы алаш қайраткерлері қауіпінің негізсіз еместігін дәлелдеді. Бұл жайында М. Дулатұлы 1926 жылы көтерілістің 10 жылдығына орай «Еңбекші қазақ» газетінде жазған «1916 жыл» атты материалында: «Өз өмірімізде басымызға тумаған ұлы дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек?! Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ керек? Елдің ырзалықпен көнгісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, «соғыс», «солдат» деген сөздерден өлердей қорқатыны, патша үкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. «Көнбе, берме» дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп «көнбе» дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда? Бізде ұйымдасқан күш жоқ. Көнгені дұрыс па екен? Көнбегені артық болар ма екен? Екеуінде де зиян бар екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен? Міне, біздің басымызды даң қылған, миымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді... Төңкеріс жолында қазақ жұрты құрбан болсын деуге дәтіміз шыдамады. Біз екінші жолды қаладық. Көну керек дедік. Осыған бел байлағаннан кейін елге көріне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Өртүрлі сылтаумен соза беру жағын ғана ескеріп отырдық [6]. Осы ойдың өзі-ақ 1916 жылғы көтеріліс кезінде алаш зиялылары ұлттық мүддеге сатқындық жасады деген пікірдің сыңаржақ тұжырым екендігін көрсетеді.

Қазақ халқы қанша жуас, момын, шыдамды болғанымен ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажырата білетін ел екенін тарихта талай дәлелдеген. Ол дұшпанының шектен шыққан қорлығына көнбейтінін осы 1916 жылғы көтерілісте анық көрсетті. Бүкіл қазақ жерінде орын алған ұлт-азаттық көтеріліс патша өкіметіне қауіп төндіретін күш болды десек, артық айтқандық болмас. Өйткені дайын әскері, жетілген қару-жарағы жоқ қазақ елінен қайтпас қарсылық күтпеген орыс отаршылары қатты састы. Мұндай қайсарлықты қазақ халқы тарихта талай көрсеткен. Алысқа бармай-ақ оның жарқын бір дәлелі – кешегі 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Әлемді аузына қаратқан алып империя КСРО-ның ыдырауына да себеп болған – қазақтың батыр ұл-қыздары. Біздің тәуелсіз ел болуымызға да осындай намысшылдығымыз жетелегені анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ақкөз батыр. // жинақ - Алматы: Қазақпарат, 2017. - 350 б.
- 2 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 146-қаптама, 1-том.
- 3 Қазақ батырлары. // жинақ - Астана: Фолиант, 2008. - 323 б.
- 4 Қожакеев Т. Үркіншілік. / Т. Қожакеев - Алматы: Қазақпарат, 2010. - 280 б.
- 5 Сарымолдаев К. Дело об Аккоз Косанове и других / К. Сарымолдаев // «Қызыл Қазақстан». - №5. – 1928.
- 6 Міржақып. 1916 жыл / М. Дулатұлы // «Еңбекші қазақ» газеті, - №145, 1926.

О.Н. Омашев

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Новый взгляд на события вековой давности

Аннотация. Исторические события становятся все более значимыми с течением времени. В то время казавшиеся значимыми событиями? могут терять свою значимость со временем. Разница в том, что первую творит история, а последнюю - рука человека. Только время может расставить

все по своим местам. Одним из самых ярких событий в истории нашей страны, которое отмечается каждый год, является национально-освободительное восстание 1916 года. К сожалению, этот период-кровапролития, хотя он написан золотом. Президент Нурсултан Абишевич отметил важность этого восстания, заявив, что, если колониальное правление России не выходит за пределы колониального господства других стран, то достоинство страны не могут быть затронутыми.

В статье описывается один из главных центров этого восстания Аулиата, Мерке. Научное заключение основано на причинах, последствиях восстания и негативных аргументах об инициаторе Аккозе Косанове. Основная идея материала - представить новое видение национально-освободительного восстания 1916 года.

Ключевые слова. Восстание 1916 года, Указ от 25 июня, национально-освободительное восстание, Аккоз батыр, Аккос Косанов, восстание Аулиата.

Н.О. Омашев

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

A new approach at the national liberation rebellion

Abstract. One of the special events in the history of our country is the 1916 national liberation revolt. Our President Nursultan Abishevich said that the Russian colonialism was not inferior to the colonial rule of other countries.

The article mentions the revolt in Aurelieta, Merke. The reason for the revolt, the result and the rebellion leader, Akkoz Kosanov. There are many historical facts in the article. They are comparable to each other. It tells the truth of the uprising. Establishing a new approach to the national liberation uprising in 1916 is the main subject of the material.

Key words. Revolution of 1916, Decree of 25 June, national liberation rebellion, Akkoz batyr, Akköz Kosanov, Aulieat uprising, Merke uprising, Akkoz batyr, Akkoz Kosanov.

References

- 1 Aqköz batır [Hero Aqköz]. (Qazaqparat, Almati, 2001. 350 p.). [in Kazakh]
- 2 Qazaqstan Respwblıkası Ortalıq Memlekettik Murağatı. 146-qaptama, 1-tom [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. 146th pack, Volume 1.].
- 3 Qazaq batırları [Kazakh heroes]. (Foliant, Astana, 2008. 323 p.). [in Kazakh]
- 4 Qojakeev T. Ürkinşilik [Urgency]. (Qazaqparat, Almati, 2010. 280 p.). [in Kazakh]
- 5 Sarımolıdaev Q. Delo ob Akkoz Kosanove i drugikh [The case of Akkoz Kosanov and others] // gazeta «Qızıl Qazaqstan» [magazine «Red Kazakhstan»]. (5), (1926). [in Kazakh]
- 6 Mirjaqıp. 1916 jıl [1916 year]. Gazeta «Eñbekşi qazaq» [newspaper «Eñbekşi qazaq»]. (145), (1926). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Омашев Н.О. - Филология ғылымдарының докторы, профессор. Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті жанындағы Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры, А. Янушкевич көшесі 6, Астана, Қазақстан.

Omashev N.O - Doctors of Philology, Professor. Director of institute on studying problems of journalism of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, A. Yanushkevich str., 6. Astana, Kazakhstan.

FTAMP 19.41.41

Г.Ә. Шауенова, Б. Бутеев

Л. Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Эгей университеті Түркі дүниесін зерттеу институты, Измир, Түркия
(E-mail: *Gulzabira_72@mail.ru, bateu.astana@yandex.kz*)

Білім мен Ғылым саласындағы ынтымақтастық (Қазақстан мен Түркия тәжірибесінен)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы білім мен ғылым саласындағы орныққан ынтымақтастық жөнінде сөз болады. Түбі бір туысқан екі ел арасындағы тәжірибе алмасу негізінде қазақ тілі мен әдебиеті және журналистикасы бағыты бойынша Түркия елінде зерттелген ғылыми-зерттеу жұмыстарына тоқталады.

1985-2017 жылдар аралығындағы бауырлас Түркия елінде қорғалған ғылыми-зерттеу жұмыстарының библиографиялық көрсеткіші жасалып, жинақталған еңбекке сараптамалық баға беріліп, нәтижелері кестелер мен схемалар, сызбалар арқылы көрсетіледі.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, тәуелсіздік, ынтымақтастық, ғылыми-мәдени байланыс, зерттеу жұмыстары

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2018-125-4-76-86>

Мақаланың мақсаты. Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистикасы жайында Түркия елінде зерттелген мақалаларға шолу жасау және оларды талдау.

Жұмыстың міндеттері. Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы ынтымақтастықтың нәтижесінде пайда болған жаңа ғылыми-зерттеулерге жол ашу. Бауырлас қазақ және түрік елдерінің білім мен ғылым саласында жеткен жетістіктері мен алдағы бағыттарын саралау.

Мәселенің зерттелу тарихы. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін әлемде алғаш танып, дербестігін мойындаған, дипломатиялық қарым-қатынас орнату ниетін білдірген мемлекет – Түркия Республикасы екенін көпшілік біледі. Осы кезеңнен бастап терең тарихи байланысы бар екі ел арасында тығыз қарым-қатынас орнады. Тұрақты дипломатиялық қатынастар орнаумен қатар, білім мен ғылым, әлеуметтік-экономикалық, рухани саладағы байланыстардың негізі қаланды. Білім беру жүйесінде ғылыми жобалар жасау, мамандар және ғалымдармен тәжірибе алмасу, ортақ мәдени іс-шаралар жүргізу ісі қолға алынды. 1992 жылы Алматы қаласында ашылған Түркия Республикасы Елшілігінің де білім мен мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі күшейтуде маңызы зор болды.

